

«ЖҮРЕКТЕРГЕ СҮЙІНШІ» ЖОБАСЫ

بشرى للقلوب المؤمنة

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى>



Асыл арна сайтынан

موقع قناة أصيل أرنا الإسلامية



مراجعة: الفريق الكازاخى بموقع دار الإسلام

«ЖҮРЕКТЕРГЕ СҮЙІНШІ» ЖОБАСЫ

АСА ҚАМҚОР, ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМДІ АЛЛАНЫҢ АТЫМЕН!

«ЖҮРЕКТЕРГЕ СҮЙІНШІ» ЖОБАСЫ

Аллаға деген ұмтыластары ең көркем болған сахабалар кедей еді, бірақ жандары бай болатын, аш еді, қарындарына тас байлап жүретін, алайда, рухтарының тоқтығы оларды тоқтатпады. Нәтижесінде, өмірлік емтихандарын «үздік» деген бағаға тапсырып, шынайы әрі мәңгілік әлемге аттанды. Иә, жаны бай, рухы тоқ адам уақытша сынақтарға жеңіл төтеп береді. Көңіл-күйіміздің жоқтығы, проблемаларымыздың көптігі, иманымыздың әлсіздігі – уайым-қайғы, көз жас, ашу, қасірет, мазасыздық, қысылу, үмітсіздік сезімдерімен жиі жолықтырады. Айтыңыздаршы біздің қайсыбіріміз бұлардан аулақпыз?! «Асыл арна» қолға алып отырған бұл жоба сырқат жүректерге, қиналған жандарға, қайғырып, үмітсізденген көңілдерге нәр беруді мақсат тұтады.

«Жүрегінді сүйіншіле» жобасының сізге айтары: «Қуан, бақытты бол, жақсылыққа жоры, сабыр сақта» деу, яғни, қандай жағдайда да, риза, қуанышты болған күйде өмір сүруге үндейді. Сондай-ақ бұл жоба сіздің адамдармен, қоршаған ортамен, уақытпен болған қарым-қатынасыңыздағы жіберген қателіктеріңізді өндеп береді. Осылайша сізді өмірмен қақтығысудан, тағдырға қарсы шығудан, қабылдамаудан қайтарады. Жай-күйіңіздің жақсы болатынына, өз қабілетіңізге сенуге, күш-жігеріңізді пайдалануға, кәміл сендіреді, тіршілік тауқыметін, өмірдің ауыртпалығын ұмытуға шақырады.

Қысқасы, жоба бақытты өмір сүруді армандаған әрбір саналы жанға арналады!

ӨТКЕНГЕ САЛАУАТ!

Өткен істі еске алып, оның қиын, келеңсіз кезеңдеріне қайғыру – ағаттық, адамның шабытын кесу, бүгінгі өмірді жою болып табылады. Негізінде әрбір саналы адам «өткен өтті, өкінгенмен пайда жоқ, өткенге салауат» деп, жылы жауып қояды. Оны мәңгіге ұмытуға тырысады. Өйткені, өткенге өкініп, қаншама қайғырғанмен ол орнына қайта келмейді, уайымдағанмен түзелмейді. Ол енді келмеске кеткен, жоқ нәрсені іздеме. Өткеннің елесінен өзінді құтқар. Сен өзенді кері, күнді шыққан жеріне, сәбиді ана жатырына, сүтті емшекке, жасты көзге

қайтара аласың ба?! Сенің өткенді ойлап сары уайымға салынуың, өткен істің майында шыжғырылуың қорқынышты да аянышты жағдай.

Алла Тағала өткен халықтар жайында, олардың істері жайында айта келіп: «Олар өтіп кеткендер» деді. Енді тарих дөңгелегін артқа қайтарудың пайдасы жоқ.

Өткен іске қайта оралып жатқан адамның мысалы, тартылған ұнды қайта тартып жатқан немесе араланған ағаш үгінділерін қайта аралап жатқан адамның мысалындай. Баяғыда біреу өткен іске қайғырып жылап жатқан адамға: «Мұныңмен сен өлгендерді қабірлерінен шығара алмайсың»- деген екен.

Біздің бір кемшілігіміз – бүгінгіні қойып, өткенмен айналысамыз. Ал, негізінде барша адамзат пен жындар жиналса да, өткен істі мүлдем кейінге қайтара алмайды. Өйткені, кері қайтару – мүлде мүмкін емес нәрсе.

Негізінде адамдар артқа бұрылмай, алға жүрулері керек. Өйткені, самал алға қарай еседі, су алға қарай ағады, кереуен алға қарай жүреді. Олай болса, сен де өмір заңдылығына қарсы шықпа!

БҮГІН – СЕНІҢ КҮНІҢ!

Сенің күнің – күн шығып тұрған осы бүгінгі күн. Өмірің бір-ақ күн. Сондықтан сен бүгін туылып, бүгін өлетіндей өмір сүр, соған амал жаса. Сонда сен өткеннің уайым-қайғысы, келер күннің қорқынышты елестері арасында сүрінбейсің. Бар күш-жігеріңді, ынта-талабыңды бір-ақ күнге жұмса. Осы күнде шын ықыласпен намаз оқы, ойланып құран оқы, шын жүрекпен Алла Тағаланы еске ал, атқарар істеріңді дұрыс орында. Жайдары мінезді бола біл. Барға риза, қанағат қыл. Өзіңе, сыртқы көрнісіңе: киім-кешегіңе, жүріс-тұрысыңа мән бер. Үйіңді тазала! Өзгелерге пайданды тигіз. Бүгініңді әйел, бала-шағаң, үйің, жұмысың, рызық-несібең, білімің бар екенімен қуанып, риза болған күйде өткіз. Көкейіңе жақсы сипаттарды қондырып, тәкаппарлық, менмендік, ішіқаралық сияқты жаман сипаттарды алып тастауға тырыс!

Егер бүгін ыстық, жұмсақ, дәмді нан жесең, кешегі жеген қатқан нанды немесе ертең жейтін белгісіз нанды ойлауыңның не қажеті бар?! Егер бүгін таза, мөлдір су ішіп отырсаң, кеше ішкен тұзды су үшін неге уайымдайсың?! Негізінде сен егер нәпсіңді болаттай берік мақсатпен бекем ұстар болсаң, нәпсіңді «Мен бүгін ғана өмір сүрем» деген тұжырымға бағындыра аласың. «Бүгін ғана өмір сүрем, сондықтан, ей, өткен күн, күнің батып, жоқ болғандай, өзің де жоқ бол. «Сен» деп жыламаймын. Сені бір сәтке еске алып отырмаймын. Себебі, сен бізді тастап кеттің! Енді бізге мүлде қайта оралмайсың. Ал, ей, болашақ, сен

бізге әлі көмескі әлемсің. Сондықтан, мен елеспен әуреленбеймін. Жоқ нәрсенің дүниеге келуіне мүлде асықпаймын. Ертең – жоқ нәрсе, әлі дүниеге келмеді. Ол әлі еске алатындай бола қойған жоқ» дер едің. «Сенің күнің – бүгінгі күн!» Ей, адам баласы, бұл бақытты болу жолында ең әдемі күйде өмір сүруді қалағандар үшін сөздіктегі ең әдемі сөз осы шығар.

Істің болар сәті келгенше асықпа. Сен ана ішіндегі шарананы әлі жетілмей тұрып дүниеге әкелмексің бе?! Немесе жемісті піспей тұрып жинамақсың ба?! Негізінде «ертең» деген – дәмі, түр-түсі болмаған, мүлде жоқ нәрсе. Олай болса, неге оны ойлап, әуреленеміз, неге қайғы-қасіретін уайымдап, қиындық күтеміз?! Біз әлі ертеңге жетеміз бе, жоқ па, ол қуанышты күн бола ма, әлде қайғылы күн бола ма, білмейміз ғой?! Көпірге жетпей тұрып, одан өте алмаймыз. Өйткені, көпірге жетпей тұрып тоқтап қалатын шығармыз немесе біз жеткенше көпір құлап түсетін шығар немесе көпірге жетіп, аман-есен өтетін шығармыз, кім біледі?! Ертеңгі күн – ғайып нәрсе, Алланың ісі.

Негізінде болашақ жайлы ойлауға көп мүмкіндік беру және көмескі жайттар кітабын ашып алып, болуы мүмкін болған жағдайларды ойлап, сары уайымға салыну – шариғат бойынша дұрыс емес. Өйткені, бұл шектен тыс көп үміттенуге жатады. Сонымен қатар болашақты көбірек ойлау ақыл тарапынан да дұрыс емес. Өйткені, бұл көлеңкемен қалың қалыңмен бірдей.

Қаншама адамдар «ертең аш қаламыз» немесе «бір жылдан кейін ауырып қалар ма екенмін», «жүз жылдан кейін дүние бітіп қалар ма екен» деп көз жасын төгіп, уайымдайды. Негізінде өмірі Алланың ғана қолында болған адамға жоқ нәрсе үшін уайымға салыну және қашан өлетінін білмесе де, негізсіз, жоқ нәрсемен айналысу мүмкін емес! Бұл – шайтаннан болуы да мүмкін: «Шайтан сендерді кедейлікпен қорқытады және бұзақылыққа бұйырады. Ал, Алла сендерге Өз жағынан жарылқау және мархабатты уәде етеді...». («Бақара» сүресі, 268-аят). Сондықтан ертеңді келгенше қоя тұр. Ол жайлы сұрап, келуін күтпей-ақ қой. Өйткені, сен бүгінмен әуресің. Ал, әлі таңы атып, күні шықпаған күндерін қалай өткізетіндерін уайымдап, қайғырып жатқандардың ісі нендей таңданарлық?! «Алланың әмірі келді. Сондықтан оның тез болуын сұрамаңдар...». («Нахл» сүресі, 1-аят).

НЫҒМЕТТЕР СЕНІ ЖАН-ЖАҒЫҢНАН ҚОРШАП ТҮР!

Денің сау, аспаның ашық, киімің бүтін, тамағың тоқ, ішер суың, дем алар ауаң бар. Демек, сенің қасыңда қажет нәрсенің бәрі бар, өзін сезбей тұрсың.

Сенде екі көз, екі құлақ, екі қол, екі аяқ, екі ерін, тіл бар. Сенің өз аяқтарыңмен жүріп-тұрғаның жай ғана нәрсе ме?! Сен ұйқың қанып тұрасың, ал көптеген адамдардың ұйқыларын ауру қашырған... Сен тойып ішіп-жеп жатырсың, көптеген адамдар ауру-сырқау болғандықтан жеп-іше алмай жүр емес пе?! Құлағың жайлы ой жүгірт, керең емессің. Көзің жайлы ойлап көр, соқыр емессің. Теріңе қара, алапес емессің. Ақыл-ой төңірегінде ойлан, ессіз жынды емес, саналы жансың. Сол ақылмен қаншама байлық-нығметтерге бөленіп жатырсың. Бір көзіңнің есесіне таудай алтын берем десе де, беруге келісер ме едің?! Құлағыңды екі таудай күміске сатар ма едің?! Тіліңді беріп, патшалар сарайында тілсіз отыруға келісер ме едің?! Қолдарыңның есесіне алтын-күміс, маржан-жақұт берсе, қолсыз қалуға келісер ме едің?! Сенің бойыңда не деген байлық бар, бірақ оны өзін сезбейсің. Қайғырып, уайымдап, тынышсыз өмір сүресің. Дүние тіршілігінің кері кеткеніне уайымға салынасың. Сенің қасыңда бақыттың кілті, таудай талант, барша жақсылық тұр емес пе?

Олай болса, ойлан да, шүкіршілік ет, тәубе де! «...Олар Алланың нығметін біледі де, кейін оған қарсы келеді...». («Нахыл» сүресі, 83-сурет).

СЫНҒА САБЫР САҚТА!

Кей адамдар ризық Беруші, Жалғыз Жаратушыны сөгіп, балағаттайды. Ал, әділетсіз, тұла бойымыз кемшілікке толы болған біз олардан не күтеміз?!

Сондықтан да, өмірде кешірімі жоқ, аяусыз ащы сындардан тұратын қақтығысқа жолығарың сөзсіз. Сен жерге кіріп немесе көкке ұшып құтылмасаң, олар сен жайлы әңгіме айтуларын тоқтатпайды. Адамдар арасында болсаң, ренжітетін, жылататын, жүрегінді ауыртатын, тыныштығыңды бұзатын істерді күте бер. Негізінде жерге отырып алған адам құламайды. Адамдар өліп жатқан итті теппейді. (Яғни, сен пәс, өлік ит сияқты болсаң, саған тиіспейді). Бірақ сен олардан игілік, білім, әдеп, мал-дүние жағынан озып кеткенің үшін, олар саған ашуланып, күндеп, жек көреді. Сен өз бойыңдағы бүкіл жақсы сипаттарыңды, талант-қабілеттеріңді, Алланың берген нығметтерін тастап, ақымақ болмағаныңша, олардың қасында күнәсі кешірілмес күнәһар болып табыласың. Шын мәнінде олар сенен осыны

қалайды. Ендеше сен олардың сөздеріне, сындарына, кемсітулеріне төзе біл!

Егер сен олардың сөздеріне құлақ асып, жан күйдіретін болсаң, өміріңді лайлатып, олардың мақсаттарының орындалуына көмектескен боласың. Сондықтан, көркем түрде кешір. Олардан бет бұр. Олардың айла-құлықтарынан мазасызданба. Олардың ой-өрістерінің тарлығы салдарынан сынап жатқандары – саған берілген жақсы баға. Салмағыңа қарай осындай сындар болады. Сен олардың ауыздарына қақпақ бола алмайсың. Олардың тілдерін мүлдем байлап қоя алмайсың. Бірақ, олардың сындарын, айыптауларын көміп тастауға, сөздеріне мән бермеуге шамаң жетеді. Тіпті сенің өз жақсылықтарыңды молайтып, қателіктеріңді түзетумен олардың үндерін өшіруге шамаң жетеді. Ал, егер сен жұрттың бәріне сыйлы, қате-кемшіліктерден таза болуды қаласаң, онда сен мүмкін болмаған нәрсені қалаудасың...

ЕШКІМНЕН ЖАРЫЛҚАУ КҮТПЕ!

Алла Тағала пенделерді Өзін еске алулары үшін жаратты. Өзіне шүкіршілік етулері үшін бүкіл жан иесіне ризық берді. Алайда, кей пенделер Алла Тағаладан басқаға сыйынып, басқаға шүкірлік етті... Егер сен адамдарға жақсылық жасағаныңмен, олар сенің жақсылығыңды білмесе, жасағандарыңды жоққа қылса, тіпті, саған қарсы шықса және бұның бәрі сенің оларға жақсылық жасағаның үшін ғана болса мына аятты еске ал!

«Алла Өз кеңшілігінен байытқаны болмаса, олардың Алла және Оның елшісіне (басқа) тағар кінәсі болмады» («Тәубе» сүресі, 74-аят). Ендеше, сен қақтығысқа таңданба! Назар салсаң, өмірге әкеліп, тәрбиелеп, аузынан жырып тамақтандырып, оқытып, өзі шаршаса да ұлым демалсын деп, өзі ұйықтамаса да, ұлым ұйықтасын деп, перзентінің қамын жеген әкенің ұлы ер жетіп, мұрты шығып, білегіне күш бітіп, есейген шағында құтырған иттей, әкесіне қарсы шығып, оған бағынбай, дауыс көтеріп, не деген азапты күндерді басына салып жатқанын кездестіресің.

Сондықтан, жақсылықтары босқа кеткен жандар, байлығы таусылмайтын, Ұлы Жаратушы қасында сауапқа ие болатынымен қуанып, тынышталсын! Әрине, бұл сөздер сені басқаға жақсылық жасамауға үндеп отырған жоқ. Сенің жақсылықты білмей, қарсы шығатындарға тап болатыныңды ескертіп, сені олардың кертартпа тірліктеріне мазасызданбауға үндейді.

Ниетіңді түзе де, Алла үшін жақсылықты жасай бер. Өйткені, қалай болғанда да жеңіс иесісің. Жек көрушілер мен жақсылығыңды білмеушілердің саған зияны жоқ. Сені осындай игі етіп қойған Аллаға шүкір ет! Ұзын қол – қысқа қолдан артық. Ұраның: «...Шын мәнінде

сендерді Алланың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден сый да, алғыс та қаламаймыз» болсын! («Инсан» сүресі, 9-аят). Көптеген саналы адамдар ақылы таяз адамдардың жақсылықты білмеулеріне таңданады. Олар адам баласының осындай шүкірсіз, қарсы шығушы сипатта болатыны айтылған мына аятты естімеген сияқты: «Қашан адам баласына бір зиян жетсе, жатса да, отырса да, тұрса да бізге жалбарынады. Алайда, қашан одан зиянды айықтырсақ, тіпті оған тиген зиянды айықтыру үшін бізге жалбарынбағандай-ақ кете береді...». («Юнус» сүресі, 12-аят). Сондықтан, егер сен бір ақылсызға қалам бере тұрсаң, онымен өзіңе қарсы жазса немесе бір опасызға сүйеніп жүруі немесе қойын айдауы үшін бір таяқ берсең, онымен өзіңнің басыңды жарса, бұл жағдайға таңданба. Себебі, бұндай төмен адамдар Жаратушының жақсылығын мойындамайды. Менікі мен сенікің қалай мойындасын?

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ – ХОШ ИІСТІ ӘТІР

Адамдарға жасалынған жақсылықты пайдаланатындардың алғашқысы – жақсылықты жасаушының өзі. Өйткені, ол бұл жақсылығының жемісін ішкі дүниесінде көреді. Көңілінің ашылып, ішкі жан дүниесінің тынышталғанын байқайды. Сондықтан, саған бір уайым-қайғы, ауру жететіндей болса, дереу жақсылық жасап жібер. Жоқ адамға бер, жәбірленгенге жәрдемдес, қиналып тұрғанды құтқар, аш адамды тойдыр, науқас жанның халін сұра, қиналғанға демеу бол. Сонда алды-артыңнан сені қуаныш қоршап алғанын байқайсың.

Негізінде жақсылық жасау – хош иісті әтір тәрізді. Әтір көтеріп жүргенге де, сатқанға да, сатып алғанға да бірдей пайдасын тигізеді. Жақсылық жасаудың көңілге демеу болар әсерін, пайдаларын игілік нұрынан жүректері мейірімге толған адамдардың өмірін көруге болады.

Қабакты түйіп алу – басталуын бір Алла ғана білетін, басқаларға соғыс жариялаумен тең. Хадисте айтылғанындай, жезөкше әйел бір шөлдеген итке су бергені себепті Жәннатқа кіріп кеткен. Өйткені, сауапты беруші – кешіре білетін, жақсылықты сүйетін, Мақтаулы, Ұлы Алла.

Ей, бақытсыздыққа ұрынып, қорқыныш-қиындықтарымен күйзеліп жүрген жандар, келіндер, өзгеге көмектесіп, демеу болыңдар. Сонда нағыз бақытқа кенеліп, оның дәмін татасыңдар: «Біреулерге беруге міндетті болмаса да, ол тек аса жоғары Раббысының дидарына ұмтылып қана (береді). Әрі ол сөзсіз, жақында разы болады» («Ләйл» сүресі, 19-21-аяттар).

БОСТЫҚ, ҚАПЕРСІЗДІК – ШЕБЕР ҰРЫ

Өмірдегі қолы бос адамдар – өсек-өтірік, әңгіме-дүкен құратындар болып келеді. Өйткені, олардың ойлары жан-жаққа шашырап кеткен. Негізінде ойдың ең қауіпті кезі – иесінің қолы бос кезі. Ондай кезде ой оңға-солға шайқалып, жүргізушісіз тез жүріп бара жатқан көлік тәрізді болады.

Қолың бос болған кезде уайым-қайғы, қорқынышты қарсы алуға дайындала бер. Өйткені, қолдың бостығы – саған өткеннің де, қазірдің де, келешектің де кітабын алдына ашып береді де, сені қиын жағдайға салып қояды.

Ендеше бекерге жүрудің орнына пайдалы бірер іспен айналыс. Бос жүріс – аз уақыт тыныштандыратын уколмен өзін-өзі өлтіру қатарында. Бұл бостық қытай абақтыларындағыдай қарапайым тәсілмен азаптау іспетті. Онда тұтқындарды жазасына қарай әр минут сайын бір тамшы ғана таматын кранның астына қояды. Сонда тұтқын тас төбеден таматын тамшыларды күту кезінде-ақ жындануға душар болады екен.

Бостық, қаперсіздік – шебер ұры. Ал сенің ақылың – осы қияли соғыстың құрбаны.

Ендеше, орнынан тұр да Құран немесе намаз оқы, зікір айт немесе пайдалы кітапты парақта, жаз немесе үйінді жина. Әйтеуір бірер пайдалы іспен айналыс! Бекершілікті жұмыспен шұғылданумен бауызда. Жер шарындағы дәрігерлер бақытты, қуанышты болудың елу пайызы осы жолмен болатынын сендіре айтады. Дикандарға, наубайларға, жұмысшыларға қарашы... Олар көңілді, жұмыстарын қызу атқаруда. Ал сен болсаң төсегінде көз жасыңды сүртіп, уайымдап жатырсың....

СЕН ӘЛЕМДЕ ҰҚСАСЫ ЖОҚ ЖАНСЫҢ!

Алма болсаң, алмұрт болуға тырыспа! Басқа тұлғалардың кейпіне еніп, өз болмысыңды өзгертпе. Шын мәнінде, бұл – нағыз азап. Өзгелердің кейпіне ену үшін өзін, дауысын, қимылын, қабілетін, сөздерін ұмытып жататындар көп-ақ. Олар еліктеу, ұқсату әрекеттерімен өз болмыстарын жоюда. Адам атадан бастап соңғы жаратылысқа дейін екі адам бір бейнеде жаратылған емес. Бейне сондай болса, қабілет, мінез-құлық қайдан бірдей босын?!

Сен – тарихта әлі күнге дейін ұқсасы болмаған жансың әрі мүлде болмайтын жеке бір жаратылған әлемсің. Сен Қайрат, Талғаттардан мүлдем өзгесің. Ендеше, өзінді өзгеге ұқсатамын деп қиналмай-ақ қой.

Өз жаратылысыңмен, өз болмысыңмен өмір сүр, өз егемендігіңді тұншықтырма!

Дауысыңды, жүріс-тұрсыңды өзгертпе. Өзіңді Құран, хадиспен тәрбиеле. Сенің өзіңе тән болмыс-бітімің, түр-түсің бар. Біз сенің сол табиғи қалпың, табиғи түр-түсіңде болуыңды қалаймыз. Өйткені, сен солай жаратылғансың. Сені осындай сипатпен таниды. Хадисте де «Сендердің біреулерің жағымпаз болмаңдар» деп бұйырылған.

Негізінде адамдар жаратылысы мен болмысы тұрғысынан тәтті, қышқыл, ұзын, қысқа ағаштарға ұқсайды. Олай болса, сен егер алма болсаң, алмұрт болуға тырыспа. Өйткені, сенің сұлулығың, дәмділігің – алма екендігіңде. Әсілінде, біздің түр-түсіміздің, тіліміздің, қабілетіміздің, шама-шарқымызыдың әр түрлі болуы – Алла Тағаланың белгі-мұғжизаларынан. Ендеше, Алла Тағаланың мұғжизасын жоққа шығарма.

ҚАЙҒЫНЫ – ҚУАНЫШҚА, ҚИЫНДЫҚТЫ – ЖЕҢІЛДІККЕ АЙНАЛДЫР

«Жер бетіне және сендердің өздеріңе болатын әрбір қиыншылық – Біз оны пайда етуден бұрын Кітапта жазылып қойылған. Ақиқатында, бұл Аллаға жеңіл» («Хадид» сүресі, 22-аят). Яғни, тағдырлар жазылған, қалам көтеріліп, сия кепкен. «Бізге Алланың жазғанынан басқа нәрсе тимейді» («Тәубе» сүресі, 51-аят). Пешенеңе жазылған нәрсе болмай қоймайды. Осы түсінік сенің көкейіңе орналасып, жүрегіңнен мықты орын алар болса, онда қайғы – қуанышқа, қиындық – жеңілдікке айналады. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтқандай: «Алла Тағала кімге жақсылықты қаласа, соны қиындыққа, сынаққа душар етеді». Сондықтан, саған бір дерт немесе бірер жақын адамыңнан айрылу немесе мал-дүниенің зиянға ұшырауы немесе үйіңнің өртеніп кетуі сияқты қандай да бір ауыр қайғы-қасірет жетсе, сол нәрсені Жаратушы саған тағдыр еткен, соны қалаған болады. Қалау – Аллаға ғана тән. Тағдырдың басқа салғанына төзе білген адамға сауап жазылады, күнәлары жойылады. Олай болса, риза болып, сабыр сақтап, төзе білгендердің сый-сияпаттар құтты болсын! «Ол (Алла) не істегенінен сұралмайды. Ал, олар (жаратылғандар) сұралады» («Әнбия» сүресі, 23-аят). Тағдырға сенбейінше жүйкең тынышталып, көңілің жай таппайды. Саған лайықты болған нәрсе жазылып қойылған. Ендеше, оған қайғырып, өкінбей-ақ қой. Сен «құлап бара жатқан қабырғаны,

құлатпай ұстап қалар едім, төгілген судың төгілуіне жол бермес едім, желдің тұруын тоқтатып қалар едім, әйнекті сындырмай алып қалар едім» деп мүлдем ойлама. Қалай болғанда да, сен де, мен де қаласақ та, қаламасақ та, бұйырғаны болады. Бойыңды ашу-ыза, өкініш пен күйініш билемей тұрып, тағдырға бойұсын! Демек, жан-жақты сақтық шараларын жасап, бар күш-жігеріңді жұмсағаныңнан кейін де, сен сақтанған іс болып жатса, онда көңілің тынышталсын. Өйткені, бұл болуы керек іс. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) үйреткендей, ешқашанда «Егер мен былай-былай жасағанымда, мынадай-мынадай болар еді» деме. Бәлкім, Алланың тағдыры сол шығар, Оның қалағаны болады» де.

ҚИЫНДЫҚПЕН БІРГЕ ЖЕҢІЛДІК БАР

Ей, адамзат! Аштықтан кейін тоқтық, шөлден кейін шөлдің қануы, ұйқысыздықтан кейін қанып ұйықтау, дерттен кейін айығу бар. Кеткен адам жуырда келеді, адасқан адам жолын табады, қараңғылық сейіліп, таң атады. Түнді таулардың асқар шыңдарынан, ойпаттар баурайынан ығыстырып шығаратын таңмен сүйіншіле. Қайғырып тұрған адамды жарықтың жылдамдығындай қас-қағым сәтте келіп қалатын кеңдік-жеңілдікпен сүйіншіле. Қиналып тұрған жанды шуақты мейіріммен, аялы алақанның сипауымен сүйіншіле. Егер ұзыннан-ұзақ созылып жатқан шөл даланы көрсең, оның аяқ жағында жасыл-желекті орманның, салқын-саялы бау-бақшаның бар екенін біл. Жоғары өрлеген сайын тау шыңының бітерін біл. Көз жастан кейін күлімсіреу, қорқыныштан кейін қуаныш, жайсыздықтан кейін жайлылық болады.

Шынында, өздерінің қиын жағдайларына құл болып қалған адамдар ғана бақытсыздық, қиындықты көреді. Себебі, олар бөлменің қабырғасына, үйдің есігіне ғана қарайды. Олар көздерін қабырғалар артына жүгіртсін.

Ендеше, қысылып, уайымға салынба! Өйткені, бір жағдайдың үнемі жалғаса беруі мүмкін емес. Жақсылық, кеңшілікті күту – ғибадаттың ең абзалы. Күндер өтеді, заман өзгереді. Ғайып көзге көрінбейді. Аса Дана Жаратушы күнде шұғыл. Осыдан кейін Алла Тағала бірер істі пайда қылса, ғажап емес. «Шын мәнінде қиыншылықпен бірге жеңілдік бар». («Шарх» сүресі, 6-аят)

ЛИМОННАН ТӘТТІ СУСЫН ЖАСА

Нағыз саналы, зерек адам зиянды нәрселерді пайдалы іске жаратады. Ал, санасыз, надан бір қайғыны екі қайғыға айналдырады. Егер сенің басыңа бақытсыздық туса, оның күн шығыс тарапына қара. Егер саған біреу бір стақан лимон суын ұсынса, оған бір уыс қант қос. Егер саған біреу улы жылан ұсынса, оның бағалы терісін ал да, қалғанын таста. Егер сені шаян шағып алса, бұны жыландар уына қарсы вакцина екенін және қорғаныс екенін біл. Қиын кездерінде қуанып, қиындықты гүлге айналдырып, бізге сыйла. «...Сендер бірнәрсені ұнатпағанмен, ол сендер үшін қайырлы болуы мүмкін» («Бақара» сүресі, 216-аят).

Сондай-ақ қайғының басқа жағына да назар аудар. Негізінде жамандық емес, жақсылық, сауап, жеңіс болуда.

ҚИНАЛҒАНДАР ЖАЛБАРЫНҒАНДА ҚАБЫЛ АЛАТЫН КІМ?

Қиналғандар жалбарынып жәрдем сұрайтын, қашанда тілге аты оралып, жүректер сүйетін бір ұлықтық Иесі бар. Ол – кім? Ол – жалғыз ғана Алла. Олай болса, сен де, мен де қайғыда, қиындық пен жеңілдікте Оған жылап, жалынып, жалбарынуымыз ләзім. Сонда Оның қолдауы жетеді.

Ол суға батып бара жатқанды құтқарады, жоғалғанды қайтарады, дертке шипа береді, жәбірленгенге жәрдем береді, адасқанды жолына салады, қиналғанға жеңілдік береді.

Уайым-қайғы, қиналған кезде оқылатын дұғаларды «Мұсылман қорғаны» сияқты дұға кітаптарынан алуға кеңес береміз. Сен сол дұғалармен Аллаға жалбарынып, сұрайсың. Егер Алланы тапсаң, бүкіл нәрсені тапқан боласың. Ал егер Аллаға деген сеніміңді жоғалтсаң, бүкіл нәрсені жоғалтқаның. Сенің Раббыңа жалбарынып дұға етуің – сұрауыңның орындалуымен қоса үлкен ғибадат болып есептеледі. Дұға жасауды жақсы білген адам, уайымдап, мазасызданбауға лайық. Өйткені, Алла Тағаланыкінен басқа барлық арқан атаулы үзіліп кетеді. Алла Тағаланыкінен басқа барша есіктер түгелдей жабылып қалады. Сондай-ақ, Алла өте Жақын әрі Естуші, Қабыл алушы. Жаны қиналып, күйзелген адам жалбарынып дұға қылса, Ол қабыл алады. Ол – аса қуатты, бай болуына қарамай, әлсіз, кедей адам баласын Өзіне дұға етуге бұйырады. Сондықтан да, егер сенің басыңа бірер қиындық туса, Алланы еске ал, Алладан жәрдем, кеңшілік сұра. Алланы ұлықтап, маңдайыңды топыраққа бөле. Сонда ұлықтық, еркіндік тәжін қолыңа кіргізесің. Мұрныңды құлдық етіп, сәждеге құла, жетістікке жетесің. Қолдарыңды көтер, алақаныңды жай, тіліңді дұғамен сөйлет, Одан көп сұра, жалбарын, есігі алдында тұрып ал. Оның мейірімін, аяуын

тос. Оның жеңісін күт. Оның есімін жадында сақта. Жақсы ойда бол. Оған шын көңілмен беріл. Сонда ғана сен ең бақытты жан болып, жеңіске жетесің!

Жүрек дәрігерлері ұсынған ең күшті дәрі

Шариғатта бар, сүннет болған жалғыздық, бұл – сенің жамандық атаулыдан және жамандық жасаушылардан, өсекші-өтірікшілерден қашық болуың. Сонда сенің ойың бірігіп, көңілің тынышталады. Зейінің байып, көзің білім-ғылым әлемінде қуанады. Негізінде жақсылықтан, ғибадаттан қалдыратын барлық нәрседен шеттелу – жүрек дәрігерлері сынап көрген және оң нәтижесін берген күшті дәрі.

Жамандық, бос сөз, өсектен бойынды аулақ ұстау – пікірді кеңейтеді. Алла тағаладан қорқу, Оны еске алу, Оған тәубе етуді пайда қылады. Бекершілік, өсек-аян, әңгіме-дүкен жиындарынан аулақ бол. Ондайдан қашып, қателіктеріңе жыла, тіліңді сақта, үйіңде отыр. Егер ондай мәдениетсіз жиындарда отырып, араласатын болсаң, бұл – көңіліңе қарсы қатал «соғыс», көкейіңдегі тұрақтылыққа қарсы жау. Өйткені, сен өсек, өтірік, бос сөзде алдына жан салмайтын шешендермен, жамандық, қиындық, апатты жорамалдаушы шеберлермен отырсың.

Ендеше, тілің ғайбатқа, құлағың өсекке, көңілің арам ойға кетпесін десең жақсы іске ғана аралас. Сонда уақытың босқа кетпейді әрі жүрегің тыныш болады.

АЛЛА ЕСЕСІН ҚАЙТАРАДЫ

Егер Алла Тағала сенен қандайда бір нәрсені алатын болса, с оған төзіп, сауап үміт етсең, Алла Тағала саған одан да жақсысын береді. Алла: «Кімнің екі көзін алған болсам, ол сабырлық қылса, олардың есесіне Жәннат беремін», «Кімнің дүниедегі сүйгенін алып қойсам, ол бұдан сауап үміт етсе, оған Жәннат беремін», - дейді. Сондай-ақ кім перзентінен айырылса, ол сабырлық сақтаса, оған пейіште «мадақ» атты бір үй құрылады. Бұлар қарапайым мысал ғана, осыларға қарап басқа да нәрселерді салыстыра бер. Сондықтан саған жеткен қайғыға еш өкінбе. Өйткені, бұл қайғыны тағдыр еткеннің қасында Жәннат, үлкен сауап, қайтаратын есе бар. Бастарына қайғы жеткенде сабыр сақтай білген Алла Тағаланың достары «Фирдаус» жұмағында «Сабыр еткендерің үшін сендерге Алланың есендігі болсын! Бұл Ақырет жұрты нендей жақсы»- деп қарсы алады.

Біз қайғының есесіне берілген сауапқа және оның орнын басқан жақсылыққа қарауға тиіспіз. «Міне соларға, Раббылары жақтан жарылқау және мархабат бар. Әрі олар тура жолдағылар». («Бақара» сүресі, 157-аят). Ендеше қайғырған, қиналғандардың жүрегін сүйіншілейік!!!

Шын мәнінде бұл өмір қысқа, байлық қазынасы арзымас дүние. Ал Ақырет артық әрі мәңгі. Кімнің бұл дүниеде басына қайғы түссе, о дүниеде соның есесіне берілер сыйды алады. Кім бұл дүниеде қиналса, о дүниеде рахаттанады.

Ей, қайғы-қасірет шеккендер, сендер нені жоғалтқан болсаңдар, пайда тауыпсыңдар. Өйткені, осы қайғы арқылы сендерге мейірім, сауап, аяшылық жіберіліп отыр. Қайғы соққысына душар болған адам, оның нәтижесіне қарауы қажет. Алланың қасындағы – жақсырақ, мәңгі әрі үлкен

БАҚЫТ. ТЫНЫШТЫҚ. МАХАББАТ

Әлемдердің Раббы Аллаға деген сенімнен басқа бірде-бір нәрсе көңілді тазартып, қуанытып, уайым-қайғыны кетіре алмайды. Қиындық, қайғы-қасіретке тап болған кезде, құтылудың бірден-бір жолы, өзіне-өзі қол жұмсау деп ойлау – иманның әлсіздігінен екен. Ғасырлар бойы жалғасқан, ұзын-сонар тәжірибелерден кейін ақылымыз мүсіннің – аңыз, имансыздықтың – өтірік екенін, сондай-ақ, пайғамбарлардың шын, Алла Тағаланың бар екенін, бүкіл мадақ, ұлықтау Оған тән екенін, Оның әр нәрсеге күші жететіндігін мойындады. Сенің бақытың, тыныштық-рахатың иманыңның қуаттылығына қарай болады. «Ер немесе әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз». (Нахыл- 97).

Бұл жақсы тіршіліктің сипаттары: көңілдер Раббыларының берген жақсы уәдесімен жай табады, жүректер Жаратушыларына деген махаббатпен берік болады, жүйкелер болатын оқиғалар алдында мықты болады. Өйткені, бұл өмірдің кейіпкерлері Алла Тағаланы – Раббым, Исламды – дінім, Мұхаммедті – Пайғамбарым деп риза болып, сенген жандар.

БАЛДЫ АРА ҰЯСЫНАН СЫНДЫРМАЙ АЛ!

Жуастық – қайсыбір нәрседе болса, сол нәрсені әдемілей түседі. Ал, қайсыбір нәрседе болмаса, сол нәрсе жаман болып көрінеді. Сөйлегенде жұмсақ сөйлеу, кездескенде күлімсірей жылы шырай таныту, жақсы сөз айту – игі жақсылардың әрі мүміндердің сипаты.

Бұл жақсы нәрсені жеп, жақсы нәрсе шығаратын бал ара тәрізді. Ара бір гүлге қонатын болса, оны сындырып алмайды. Өйткені, Алла Тағала дөрекілікке бермегенін мүләйімдікке береді. Адамдар арасында сондай игі-жақсы жандар бар, көпшілік олардың келгеніне қуанып, қошеметтеп қарсы алып, құрмет көрсетіп, шығарып салады. Өйткені, олар әрбір істе, алыс-берісте, сауда-саттықта, жүріс-тұрыста, кездесуде, қоштасуда, айтар сөзде тартымды, ұнамды болып келеді.

Шындығында достарыңды өзіңе тарта білуің – өнер. Бұны игі-жақсылар жақсы біледі. Игі-жақсылардың айналасында үнемі адамдар болады. Бар

кездерінде адамдар оларды үнемі ортаға алып, сұхбат құрады. Ал жоқ болса, оларды еске алып, олар жайлы сұрап, оларға дұға етеді. Негізінде бұндай бақытты жандардың мінез-құлықтарының баршаға пайда берер үндеуі бар: «...Жамандықты көркем түрде жолға сал. (Жамандыққа жақсылық қыл). Сонда араларыңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді» («Фуссилат», 34). Олар өздерінің мүләйім, кешірімшіл сипаттарымен кек, өкпеназды жояды. Олар жамандықты лезде ұмытады, жақсылықты үнемі есте сақтайды. Олардың құлақтарының тұсынан жаман сөздер өтіп жатады. Бірақ олардың құлақтарына кірмейді. Осындай тамаша сипатпен олар баянды, рахат өмір сүруде. Өзгелерге де еш зияндары жоқ. Хадисте айтылғандай, мұсылман – мұсылмандар оның тілінен, қолынан есен болған адам. Мүмін – адамдар одан қандары мен малдары үшін қауіптенбеген адам. Және олар: «Алла маған байланысын үзгендермен байланыс жасауыма, маған зұлымдық жасағанды кешіруіме, маған бермегенге беруіме әмір етті» дейді. Осындай игі-жақсылар жөнінде Алла Тағала былай деген: «...Олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер...» («Әли Имран», 134). Ондайларға осы дүниенің өзінде болатын тыныштық, рахаттан тұратын сауапты сүйіншіле. Сондай-ақ Ақыретте Мейірімді Жаратушының қасында болатын орасан зор сауаппен сүйіншіле!

ЖЕТІСТІК ПЕН ЖЕҢІСКЕ АЛЫП БАРАТЫН ҚЫСҚА ДА ОҢАЙ ЖОЛ

«Біліңдер, жүректер Алланың Еске салуымен (Құранмен) тыныштық тауып орнығады» («Раъд» сүресі, 28-аят). Алла Тағаланы еске алудан басқа көңілді ашатын, жүректі жай таптыратын, үлкен сауапқа ие ететін амал жоқ. Тіпті, Алла: «...Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын» дейді. Құлын Раббысы еске алып жатса, одан асқан қандай құрмет бар? Алланы еске алу – Оның бұл дүниеде берген пейіші. Бұл дүниеде сол пейішке кірмеген адам Ақыретте нағыз пейішке кірмейді. Сондай-ақ Алла Тағаланы еске алып, зікір айту – жан-тәннің шаршағанын басып, көңілді жайландырады. Негізінде Алланы еске алу – әрбір жетістік пен жеңіске алып баратын қысқа да оңай жол.

Алла Тағаланы еске алып зікір айтудың пайдаларын білу үшін Құран аяттарына жүгін. Және оның бальзамын бірнеше күн сынап көр, шипа табасың. Алла Тағаланы еске алумен уайым-қайғының, қорқыныш пен күдіктің қою бұлты сейіледі. Алла Тағаланы еске алушылардың тыныш, жайбарақат, рахатта болатынына таңданудың қисыны жоқ. Себебі Алланы еске алу – негізгі, қымбат бағалы нәрсе.

Ей, ұйқысыздықтан шағымданушы, қайғыдан күйзелуші, дерттен қамығушы жан, қане, Алла Тағаланың киелі есімін есіңе алып дауыста. «...Оған аттас білетінің бар ма?» («Мәриям» сүресі, 65-аят).

Сенің көңілің Алла Тағаланы еске алуыңның мөлшеріне қарап тынышталып, жай табады. Өйткені, Раббыңды еске алу – Оған тәуекел ету, Оған сену, Оған арқа сүйеу, Оған қайту, Оған жақсы ойда болу, Одан кеңшілік, жеңіс күту ұғымдарын өз ішіне алады. Демек, Ол шақырылса, жақын; жалбарынылса, естуші; сұралынса, беруші. Ендеше, Оған жалбарынып сұра. Оны ұлықта, мадақта, дұға ет, кешірім сұра. Оның киелі есімдерін тіліңмен қайтала. Сонда сен, Алла қаласа, бақытты, кеңшілікті, қуаныш-шаттықты табасың.

КҮНШІЛДІК ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЖОЯДЫ

Күншілдік сүйекті жеп бітетін тұзды тағам тәрізді. Негізінде күншілдік дененің барлық мүшесіне зиянын тигізетін жаман дерт. Күншіл адамға тыныштық жоқ. Өйткені, ол жәбірленген адам кейпіндегі – залым, дос кейпіндегі – қас.

Сондай-ақ күншілдікті өте әділетті деуге болады. Себебі, күншілдік бірінші өз иесінен бастап өлтіреді. Біз басқаларды күндеуімізбен тұла бойымызға уайым-қайғыны сіңіріп, тыныш ұйқымызды өзгелерге таратып жатырмыз.

Шынында күншілдің тірлігі пешке от жағып қыздырып, оған өзін тастағанмен бірдей.

Күндеушінің жаман бір жері – ол тағдырмен таласып, Жаратушыға әділетсіз деп жала жауып, әдепсіздік жасап, Алланың ақ жолына қарсы шығып отыр. Өттең күндеуші жан азабын бастан кешіріп отыр. Бірақ, оған сауап жоқ. Мұндай күншіл өзі өлгенше немесе адамдардағы жақсылықтар жойылып кетпейінше, үнемі күйе береді. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Күншілдіктен (іштарлық, көреалмаушылық) сақ болыңдар! Себебі, күншілдік от отынды немесе құрғақ шөпті жалмағандай сауаптарды жалмайды» (Әбу Дәуд). Барлық адамдармен келіссөз жүргізуге болады, тек қана күншілмен болмайды. Күншілмен келісу үшін Алла Тағаланың саған берген нығметтері мен қабілетін, талантын, кешуің керек. Егер сен жақсы қасиеттеріңді кешіп жатсаң, мұныға күншіл риза болып жатса, бұл таңданарлық құбылыс емес. Күншілдің күндегендегі жауыздығынан Аллаға сыйынамыз. Ол улы қара жылан сияқты. Жазықсыз денеге уын таратпайынша, тыныштық таппайды.

ЖАМАННЫҢ ЫСТЫҒЫН ЖАҚСЫНЫҢ САЛҚЫНЫМЕН ӨШІР!

Өмір – қиындығы мен қызығы қатар жүретін, машақаты мол бұлыңғыр тіршілік. Ал, сен осы машақаты мол тіршілікте қиналып өмір сүресің. Біл, бұл өмірде ешқашанда кемшіліксіз әйел, перзент, дос немесе баспана, жұмыс кездестіре алмайсың. Барлығы да сөзсіз, бір кемшілікпен болады. Сондықтан жаманның ыстығын жақсының салқынымен өшіруді үйрен.

Алла Тағала бұл дүниені жақсылық пен жамандықтан, қуаныш пен қайғыдан

тұратын бір-біріне кереғар екі нәрсені өз ішіне алатын етіп жаратты. Сосын жақсылықтың, бәрі Жәннатта, жамандықтың бәрі Тозақта жиналады. Хадисте: «Дүние және ондағы нәрселер лағнеттелген. Тек қана Алланың зікірі және жақсы көрген нәрсесі және ғалымдар мен білім жолындағылар лағнеттелмеген». Сондықтан өміріңді қиялға берілмей өткіз. Өміріңді қалай болған болса, дәл солай қарсы алып өткіз. Өзінді оған үйлестіруге, көндіруге тырыс. Бұл өмірде бірер досыңның көңіліңнен шықпай қалуы немесе бірер шаруаңның бітпей қалуы мүмкін. Өйткені, кемшіліксіз толыққанды болу – бұл дүниенің сипатынан емес. Өмірлік жарың да ешқашан жан-жақты, кемшіліксіз болмайды. Хадисте былай делінген: «Мүмін ер мүмін әйелді қинамасын. Егер оның бір сипатын жақтырмаса, басқасына риза болады». Сондықтан мейлінше теңдікті ұстануға, кең болуға барын алып, жоғын қоюға, кейде тіпті кейбір істерде өзімізді білмегенге алып, көзді жұмып өтуге тиіспіз.

ҚИНАЛҒАН ЖАНҒА КӨҢІЛ АЙТ!

Оң жаққа қарасаң да, сол жаққа қарасаң да қиналған жанды көресің. Әр үйде өмірдің тауқыметін тартып, көз жасын төккен жан бар. Қиыншылыққа төзіп, сабырмен күн кешіп жатқандар да жоқ емес. Демек, басына қайғы түсіп жатқан сен ғана емес екенсің. Бәлкім, сенің қайғың өзгелердің басына түскеннің қасында түк емес болар.

Қаншама науқас жандар неше жылдан бері төсек тартып, жаны күйзеліп жатыр. Қаншама тұтқын неше жылдан бері темір тордың артында, төрт қабырғаның ішінде отыр. Қаншама отбасы он екіде бір гүлі ашылмаған өрімдей перзентінен айырылып отыр. Қаншама жандар қарызға батып, қайғырған. Сенің оларға көңіл айтатын уақытың жетті. Сенің бұл өмірдің мүмін үшін абақты, қиындық, қайғы орны екенін түсінетін кезің келді. Сенің қожайындарымен құлпырып таң атырған сарайлардың ешкімсіз кеш батыратынына, тоқшылықта бола тұрып, аяқ астынан жоқшылық жететініне, сау адамның аяқ астынан дертке шалдығатынына көз жеткізетін уақытың келді.

Демек, сен тас үстіне шөгуге түйені үйреткендей, өзінді үйретуің ләзім. Сонда сен өз қайғыңның өзгелермен салыстырғанда анағұрлым жеңіл екеніне, саған жай ғана шаншудың қадалғанына көз жеткізесің. Сондықтан сен Алла Тағалаға мейірімділігі үшін мадақ айт, қалдырған нәрсесі үшін шүкіршілік ет, алған нәрсесі үшін сауап үміт ет және айналаңдағыларға көңіл айт. Бұл орында саған Алланың Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінде үлкен өнеге бар. Ол кісінің басына қағанақ қойылды, аяқтары қанатылды, беттері жырылды, бір шатқалда құрсауға алынды. Тіпті ағаш жапырақтарын жеді. Меккеден қуғындалды, күрек тісі сынды, пәк әйелінің намысы тапталды, жала жабылды, жетпіс сахабасы өлтірілді, көзі тірі кезінде перзенттерінен айырылды.

Аштықтан ішіне тас байлап жүрді. Құрастырғыш ақын, сиқыршы, балгер, жынды, өтірікші деген жалалар жабылды. Ол кісіні Алла мұндайдан сақтасын. Бұлар – сөзсіз болатын бір сынақ еді. «(Ей, мұсылмандар!) Сендерден бұрын өткендерге келген секілді жағдайлар өздеріңе келмей тұрып, Жәннатқа кіруді ойладыңдар ма? Оларға таршылық және пәлекеттер тиді...» («Бақара» сүресі, 214-аят)

НАМАЗҒА КӨҢІЛ АУДАР, НАМАЗҒА!

«Ей мүміндер! Сабыр және намазбен (Алладан) жәрдем тілендер...» («Бақара», 154).
Егер сені үрей билеп, қайғырып, уайымдай бастасаң, дереу тұр да намаз оқы. Көңілің орнына түсіп, жүрегің жай табады. Расында намаз – Алла Тағаланың қалауымен уайым-қайғының езгісінен босатып, қиындықты жоюға кепіл болады. Пайғамбарымызды (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бірер іс қапаландыратын болса, азаншысына: «Ей, Біләл, бізді намазбен рахаттандыршы», - дейтін. Яғни, ол кісінің қуанышы мен жұбанышы намазда болатын.

Негізінде адам баласы үшін қауіптен үрейленгенде оқитын «қауіп-қатер намазы», құрғақшылық болғанда "жаңбыр сұрау намазы", күнәға ұрынғанда "тәубе намазы", күн тұтылғанда "кусуф" намазы, мейрамда оқылатын "айт" намазы сияқты құлшылықтар жолға қойылған. Себебі мұсылман әр ісінің нәтижесін Раббысына табыстап, Онымен байланыста болуы тиіс.

Расында, жүйкесі тозып, ауырып, шаршап-шалдығып жүрген жандар мешітке барып, әуелі Раббысын риза ету үшін және басына түскен ауыр азаптан өзін құтқару үшін пешенесін сәждеге қоюы қажет. Әйтпесе, уайым жүйкесін тоздырып жібереді. Сәжде – адамның Аллаға ең жақын кезі. Мамыражай күнде намаз оқып жүрген пенде, басында қиындық туғанда Алладан керегін оңай сұрап алады.

Иә, қиналғандар қасында намаздан басқа тынышталдырып, демеу болатын нәрсе жоқ.

Егер біз біле білсек, бір күнде оқылатын бес уақыт намаз – ең үлкен нығмет. Бұл намаздар күнәларымызды жояды, Раббымыздың қасындағы дәрежемізді жоғарылатады. Сондай-ақ намаз – қайғы-қасіретімізге, дертімізге аса пайдалы ем. Ол көңілімізді сеніммен, ризалықпен толтырады.

КӨРКЕМ САБЫР

Сабырлы болу – үлгілі тұлғалардың белгілерінен. Сабырлы жандар қандай қиындықты да төзімділікпен қарсы алады.

Біз үшін сабыр сақтаудан басқа жол бар ма? Сен сабырдан өзге бірер тәсілді білесің бе? Ұлы азаматтардың көпшілігінің өмірі қайғы-қасірет жарысатын шаршы алаң іспетті еді. Бір қиындықты жеңіп шықса, екінші қиындық басталатын. Осылай бір қайғымен екінші қайғы ұштасып жататын. Ал олар Аллаға деген сеніммен, сабырмен қаруланып, бекем тұратын. Нағыз азаматтар осылайша қарсы келген қиындықпен тапжылмай күресіп, жеңе білетін. Әбу Бәкір (оған Алла разы болсын) төсек тартып жатқанда достары келіп: «Сізге дәрігер шақырсақ қайтеді?» дейді. Ол кісі: «Дәрігер мені көрді», - деп жауап берді. Достары: «Не деді?» - дегенде ол кісі: «Мен қалағанымды бұлжытпай орындаушымын» деп жатыр» - деп тіл қатты (Алланы айтып жатыр). Сабырлы бол! Сабыр түбі – сары алтын. Сабырлы болуда Алла Тағаладан жәрдем сұра. Жақсылық болатынына бек сен, істеріңнің ақыры жақсы болатындығына үміттен, күнәларыңның кешірілуін тіле, сауап үміт ет, сабырлы бол. Жағдай ушығып, қараңғылығы қоюлана түссе де, үрейленбей, сабырлы бола біл. Өйткені, жеңіс сабырлылықпен келеді. Жеңілдік ауырлықпен болады. Қараңғылықтың қоюланғаны таңның жақындағанын білдіреді. Бұрынғы өткен батырлардың өмірбаяндарын оқып отырып, олардың сабырларының беріктігіне таң қаласың. Қиындықтар олардың бастарына мұздай жаңбыр тамшыларындай себейтіндей еді. Ал олар таудай берік тұратын. Көп уақыт өтпей-ақ олардың жүздерінен қуаныш белгілері білінетін.

ӨЗІҢДІ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БАЙ АДАМ РЕТІНДЕ СЕЗІН!

«...Саған бергендерімді ал және шүкіршілік етушілерден бол». («Аъраф» сүресі, 144-аят).
 Өмірден озған көптеген ғұламалар кедей болатын. Оларда мал-дүние, кереметтей үй-жай, қымбат көлік, алдында жорғалайтын күтуші болмады. Соған қарамастан, олар өмірде бай болып, өздерін де, бүкіл адамзатты да бақытты етіп өтті. Себебі, олар Алла Тағаланың берген ризық-несібесін дұрыс жолға жұмсай білді. Осылайша олардың өмірлерінде береке болды. Керісінше, мал-дүние, бала-шаға тағы басқа қаншама нығметтер берілсе де, бақытсыздықпен өмір сүретіндер бар. Өйткені, олар дұрыс жолдан тайып кетті. Бұл – дүние-мүлікке ие болу, нағыз байлық емес екеніне айқын дәлел. Қарап отырсаң, көптеген әлемдік деңгейде диплом, куәліктері бар жандардың бұлыңғыр өмір сүріп жатқанын көресің. Ал кейбір жандардың білімдері шектеулі болуына қарамай, сарқырап жатқан өзендей пайдалы істерді жасап жатқанын көресің.
 Егер сен бақытты болуды қаласаң, онда Алла Тағала жаратқан бітім-болмысыңа, біліміңе, табысыңа риза бол, қанағат қыл. Тіпті кейбір данышпандар бұдан да тереңдей түсіп: «Сен өзінде болып тұрған жағдайдың төменіне де риза бол», - дейді. Тіпті пайғамбарлардың өздері де қой баққан кісілер еді. Дәуд (оған

Алланың сәлемі болсын) темірші, Зәкерия (оған Алла разы болсын) ағаш ұстасы, Ыдырыс (оған Алла разы болсын) тігінші болатын. Соған карамастан, олар адамдар ішіндегі ең таңдаулылары еді. Демек, сенің бағаң талант-қабілетінде, игі амалыңда, елге тигізіп жатқан пайданда екен. Өзгенің бойынан көріп жүрген сұлулық, мал-дүние, бала-шаға үшін қайғырма. Алла Тағаланың бергеніне риза бол. «Оларға осы өмірдегі тіршілік қажеттерін Біз үлестірдік» («Зухруф» сүресі, 32-аят).

КЕҢДІГІ ЖЕР МЕН КӨКТЕЙ ЖҰМАҚТЫ НӘПСІҢЕ ЕСКЕРТ!

Егер сен бұл дүниеде аш-жалаңаш, қаражаттың жоқтығынан қажыған, қам көңілді сырқат болсаң немесе жәбірленіп, қайғырсаң, өзіңе о дүниеде болатын нығметтерді ескерт. Расында, Ақыретің үшін амал қылсаң, зияндарың – пайдаға, шеккен жапаң, көрген тауқыметің – сыйға айналып кетеді. Негізінде, мәңгілікке жалғасатын Ақырет дүниесі үшін амал қылу – ең қайырлысы. Тұрақты әрі армандар орындалар мекен осы дүние деп ойласақ қателескен екенбіз. Бұл өмірдегі қуанышымыздың лайлануын қаламауымыз да Ақыретте аз ойлайтынымыздықтан болар. Алла Тағала Ақыреттің көңіл бөліп, еңбектенуге лайық болған мекен екендігіне ант етеді.

Жәннат және ондағылар жайында бір сәт ойланып көрдің бе? Пейіштегілер ауырмайды, қайғырмайды, өлмейді, қартаймайды, киімдері тозбайды, проблемалары жоқ, қаражаттың жоғына қам жемейді, қарыз болмайсың, жұмыс істеп шаршамайсың. Олар сырты ішінен, іші сыртынан көрініп тұратын бөлмелерде болады. Пейіште көз көріп, құлақ естімеген, адам баласының ойына кіріп-шықпаған нәрселер бар. Жұмақ ағаштарының бір ағашында атқа мініп тоқтаусыз жүрген жүз жылдай уақытта мәреге жетеді. Өзендері үздіксіз ұласқан, сарайлары таумен таласқан биік. Жемістері қол созым жерде, бұлақтары сарқырайды, төсектері жоғары, су ішетін арнайы кеселері бар, тізіп қойылған жастықтар, төсеп қойылған кілемдер бар. Қысқаша айтқанда, аса қуанышты, баға жетпес, бүкіл арманның бәрі бар керемет мекен! Ендеше, неге біз бұл жайында ойланбадық? Бізге не болған? Рахат өмір жайлы қалайша ұмыттық екен?

Егер Ақыреттегі соңғы жай-күйіміз осыншама мамыражай болатын болса, онда қиналғандар мен қайғырғандар серпіліп жеңілдесін, жоқ-жітіктер қуансын! Ей, жоқтықпен қиналып, қайғы-қасіретпен күйзеліп жан азабын тартып жатқан жандар, Алла Тағаланың пейішінде, Онымен көрші болып қалу үшін игі амалдар жасандар! «Сабыр еткендерің үшін сендерге «сәлем» (амандық болсын) дейді. Бұл – соңғы тұрақ қандай керемет» («Раъд» сүресі, 24-аят)

УАЙЫМ-ҚАЙҒЫНЫ ҚУЫП ШЫҚ!

«Босаңсымаңдар әрі қайғырмаңдар, егер, иманды (мүмін) болсаңдар, сендер жоғарыдасыңдар» («Бақара» сүресі, 139-аят). «Қайғы» сөзі уайым сөзімен бірге «уайым-қайғы» ретінде қолданылады. Бұл екеуінің арасындағы айырмашылық: егер болашақта орындалатын іске байланысты болса, ол – уайым, ал өткен іске байланысты болса, ол – қайғы.

Қайғыру – үміт отын сөндіреді, қайратты әлсіретеді. Қайғыру – дененің тіршілігін тоқтатып қоятын сал ауруы тәрізді. Бұның себебі, негізінде қайғыру адам баласын алға жылжытпай, тоқтатып қояды. Қайғырғаннан жүрекке келер ешқандай пайда жоқ. Сонымен қатар қайғыру – шайтан үшін өте сүйкімді нәрсе. Өйткені, ол адам баласын қайғыртып, жолынан қалдырады, іс-әрекетінен тоқтатады. Дегенмен, әлсіз пенде болған соң қайғыға салынбай тұрмаймыз. Сондықтан да адамдар Жәннатқа барған кезде: «Барлық мақтау бізден қайғыны жойған Аллаға лайық...», - дейді («Фатыр», 34). Біл, адам баласына еркінен тыс бірер қайғы жетсе, ол сабыр сақтаса, сауапқа кенеледі. Және Алла бір қиындықтың артынан екі жеңілдіктің болатындығына уәде берген. Себебі бұл да қиындықтың бір түрі. Ал хадисте «Мүмін адамға қандай да бір уайым-қайғы, қиындық келетін болса, соның себебінен Алла оның қателерін кешіреді» делінген.

Қайғы келсе, қол қусырмай, бірден шарифатта көрсетілген тәсілдер мен дұғалар арқылы қайғыны қуып шығуға асық. Асыл дінімізде уайым-қайғыны құртудың барлық жолы қарастырылған! Үнемі уайым мен қайғыға көміліп жүру – мұсылманға тән емес. «Дін жолында ешкім бастан кешіріп көрмеген небір қиындықтарға ұшырадым» (Тирмизи) деген Пайғамбарымызды ешкім ешқашан қабағы қатулы, мұздай мінез, маңайына ызғар шашатын кейіпте көрмеген. Қайғы-қасіреттен Аллаға сыйын! Өйткені, уайым-қайғы – ұзақ қараңғы түндей және өрге көтерілуге бөгет.

Ендеше, сен көңілді, қуанышты болуға және Алла Тағаладан жайлы өмір, ашық көңіл сұрауға тиіссің. Себебі бұл – осы дүниенің нығметтері. Бұл жайында тіпті кейбір ғұламалар «жер бетінде бір пейіш бар, кім оған кірмесе, ақыреттегі пейішке кірмейді» деген.

Алла Тағаладан жүректерімізді иман нұрымен шомылдыруды, тура жолға бастауын және бізді қиын да тар өмірден құтылдыруын сұраймыз!

КҮЛІМСІРЕУДЕ ШИПА БАР!

Шектен шықпай, орташа түрде күлу – уайым-қайғыға «шипа». Сондай-ақ күлу жүректің жадырап, қуануына әсер етеді. Әрі бауырыңның жүзіне күлімсіреп қарау садақа делінген хадисте. Әбу әд-Дарда (оған Алла разы болсын): «Мен жүрегіме қуаныш ұялауы үшін күлемін»- деген екен. Адамдар арасында ең құрметтісі болып табылатын Пайғамбарымыз да صلی اللہ علیہ وسلم үнемі күлімсіреп жүретін. Бұл ауру жүректі емдеу жолын білген саналы жандардың әрекеті. Ислам діні ғибадатта, мінез-құлықта, қарым-

катынаста да орташалыққа негізделген. Адамды қорқытатындай дәрежеде қабақты түйіп тұнжырау да, болған-болмағанға қарқылдап күлу де жоқ. Өйткені, шектен тыс күлкі жүректі өлтіреді. Ахмад Әмин «Файд әл-хатир» атты кітабында былай деген: «Өмірде күлімсіреп жүретін жандар өздері ғана бақытты-қуанышты болмайды. Бәлкім, олар жауапкершілікті атқаруда, қиындықты жеңуде, өздері үшін де, өзгелер үшін де пайдалы істерді атқаруда ең лайықты, шамасы жететін жандар болып келеді».

Негізінде қоршаған ортадағы барша нәрселер – гүлдер мен ағаштар, теңіздер мен өзендер, таулар мен аспандар, жұлдыздар мен құстар бәрі-бәрі күлімсіреген. Тіпті, адам баласының өзі де күлімсіреген. Бірақ, дәмелену, жауыздық, өзімшілдік тәрізді нәрселер оны тұйықтандырып жібереді. Сол себепті ол айналадағы үйлесімді табиғаттан бөлектеніп тұрады. Болмысы тұйық адамдар табиғаттың сұлулығын көре алмайды. Өйткені, әрбір адам табиғатты көңіл көзі, ой-санасы арқылы көреді. Егер көңілі, өй-әрісі таза болса, оның дүниені көрер көзілдірігінің таза болғаны. Сонда ол дүниені жаратылысындай, әсем қалпында көре алады.

Ал, керісінше болатын болса, көзілдірігі айғызданып, бүкіл нәрсені қара, кір күйде көретін болады. Кейбір адамдар бүкіл нәрсені қайғыға айналдырып жібереді. Тағы кейбір адамдар барлық нәрсені қуанышқа айналдырып жібереді. Отбасында кейбір әйелдердің көздері тек қана қате-кемшілікке түседі. Ондай әйелдер кесе сынып қалса да, тамақтың тұзы басым болып кетсе де, бөлмеде бірер қағаз жатса да, қызбаланып үйдегі бар адамды балағаттай бастайды. Осындай болмашы нәрселер үшін жанжал шығарып, сол күнді қара күнге айналдырады. Сол сияқты бір сөз естісе, өзінің де, отбасындағылардың да көңіл-күйлерін бұзатын еркектер бар.

Олар естіген бірауыз сөздерін жамандыққа жориды немесе зиянға ұшырайды немесе пайда ойлағанындай болмайды. Осындай себептер салдарынан көз алдарында бүкіл дүние қараңғылыққа айналып кетеді. Олар өздерімен қоса айналасындағылардың да ашық күндерін қара бұлт торлаған күнге айналдырады. Олардың жамандыққа терең бойлап, түймедейді түйедей етуге шамасы жеткенімен, жақсылыққа келгенде шамалары жетпейді.

Ал күлімсіреуші адам – өте қарапайым әрі өзгенің жүрегіне қуаныш ұялататын сыйды өзгелерге тегін бере алады. Дана бабаларымыз «Ашулы жұдырық күліп тұрған бетті ұра алмайды» деп қалай тамаша айтқан?

ӨМІР ҮЙРЕНУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БІР ӨНЕР!

Адам баласын үмітсіздіктен артық тұйықтандырып жіберетін нәрсе жоқ. Сондықтан, сен үмітсіздікке қарсы күрес. Үмітсіз шайтан ғана. Табыс, жетістік есігі саған да, басқаларға да ашық. Ендеше, ой-санаңа үміт отын жағып, келешектен жақсылық күтуді үйрет. Егер сен өзінді қарапайым, ұсақ нәрселер жасау үшін жаратылдым деп

ойласаң, өмірде кішкентай нәрселерге ғана қол жеткізесің. Ал, үлкен мақсаттар мен үлкен істер үшін жаратылғанмын деп сенсең, онда тұла бойыңда бөгеттерді бұзып өтер күш-жігерді сезінесің де, шаршы алаңға үлкен үміттер үшін деп шығатын боласың. Сөзіміз рас болуы үшін өмірден қарапайым бір мысал келтірейік: жүз метр қашықтыққа жүгіруден жарысқа шыққан адам, жүз метр қашықтықты өтіп, мәре сызығына жеткен соң, өзінің шаршағанын байқайды. Ал, егер төрт жүз метр қашықтыққа жүгіру болса, ол жүз, екі жүз метрді жүгіріп өткенімен, шаршағанын сезбейді. Яғни, нәпсі көзделген мақсатқа қарап күш-жігер береді. Ендеше, сен де мақсатыңды белгіле! Ол көз жетпейтін биік болсын. Көздеген мақсатың қаншалықты биік болса да, күнделікті тапжылмай қадам басар болсаң, жетесің.

Ұлы жолда бөгет болып, көңілді түсіретін «дұшпандарыңмен» таныс! Олар: үмітсіздік, адамдардың кемшіліктерін іздеу, өсек-әңгімеге еру, жамандықтарға қарап жаман өмір сүру. Жаны жайсаң, жайдарлы жан қиындықтарға тап болса, оны жайдарылылығымен қарсы алып, күлімсіреген күйде жеңеді. Ал қабағы қатулы, тұйық жан қиындықтарға тап болса, оны үлкейтіп жібереді. Өз күш-жігерін жетімсіз, аз деп біледі де, әр нәрсені сылтауратады. Ол жетістікке жетуді қалайды, бірақ, оның ақысын төлеуді қаламайды. Ол әр жолда бір бөгет бар деп біледі. Ол аспаннан алтын жауғанын немесе жерден қазына шығуын күтеді. Шындығында қиындықтар қабаған ит сияқты. Ит егер сенің қорқып қашқаныңды көрсе, артыңнан шабаланып қуады. Ал егер сен одан қорықпай, көздеріңді батыр қадап қарап тұра берсең, құйрығын төмен салып, саған жол беріп, жөніне кетеді. Сондай-ақ адам баласының өзін-өзі қолынан ештеңе келмейтін, бойында еш жақсы қасиет жоқ деп сезінуі өз күш-қуатына деген сенімін жоғалтады. Егер бір істі ойға алса, сенімсіздікпен толқып, сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан адам баласының өзіне сене білуі – үлкен қасиет.

ҚАЙҒЫРМА!

Қайғырма, себебі күні кеше қайғырғаның ештеңеге пайда берген жоқ қой. Ұлың емтиханнан құлап еді, қайғырдың, өтіп кетті ме?! Әкең қайтыс болып еді, қайғырдың, тіріліп келді ме?! Саудада зиянға ұшырап едің, қайғырдың, зияның пайдаға айналды ма?! Қайғырма, себебі сен бір қасіретке қайғырып едің, бір қасірет бірнеше қасіретке айналып кетті. Кедейлігіңе қайғырып едің, жоқшылығың бұрынғыдан да асып кетті. Дұшпандарыңның сөзіне қайғырып едің, олардың саған деген ашулары үдей түсті. Бірер жамандық болатынын жорамалдап, қайғырып едің, болған жоқ.

Қайғырма, себебі қайғырғанмен сәулетті үй, сұлу әйел, мол байлық, жоғары мәртебе, игі перзент саған пайда бермейді.

Қайғырма, себебі қайғыру саған мөлдір суды лай, әтіргүлді арамшырмауық, бау-бақшаны сахара, өмірді шыдап болмас абақты етіп көрсетеді.

Қайғырма, сенің екі көзің, екі құлағың, екі ерінің, екі қол, екі аяғың, тілің тағы да басқа мүшелерің толықтай бар. Сен тыныш-аман өмір сүріп жатырсың. Алла айтқан: «Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер». («Рахман», сүресі, 16-аят). Қайғырма, сенің ұстанған дінің, тұратын баспанан, жейтін наның, ішетін суың, киетін киімің, бірге тұратын өмірлік жарың бар. Ендеше, неге қайғырасың?!

БІЛІМ – КӨЗДІҢ НҰРЫ, ЖАННЫҢ ӨМІРІ, КӨҢІЛДІҢ ЖАНАРМАЙЫ!

«...Алла саған білмегендеріңді үйретті. Сондай-ақ Алланың саған деген ілтипаты өте ірі» («Ниса», 113-аят). Надандық – көңілдің өлімі, тіршілікті жою. Алла Тағала қайтарған адамзаттың дұшпаны: «...Сені надандардан болмауыңды насихаттаймын». («Һуд», 46-аят).

Ал, білім – көздің нұры, жанның өмірі, көңілдің жанармайы. Шынында, білімдінің көкірек көзі ояу болады. Өйткені, білім арқылы білмеген нәрсені біледі, жоғалған нәрсені табады, жабық нәрселер ашылады. Білім – сөздерді, істерді, оқиғаларды өлшеуге болатын таразы. Білім арқылы адам Алланы таниды, құлшылығын бір Құдайға арнайды, Оны мадақтайды. Көкірек көзі ашық адам жаңа нәрселерді білуге, дамыған нәрселерден хабардар болуға ұмтылады. Ал надан үнемі шаршау басқан, зеріккен күйде болады. Оған ешқандай жаңалық, өзгерістің қызығы жоқ. Ол үшін бүгін кешегідей, ертеңі бүгінгідей, өзгеріс жоқ. Білім – адамға су мен тамақтан да артық керек. Имам Ахмад бір сөзінде: «Адам тамақты күніне 1-2 мезгіл ғана қажет етеді, ал білім әрбір алған тынысыңда қажет» деген екен. Жер жаңбырға қандай мұқтаж болса, адам да дәл солай білімге мұқтаж. Білім – адамның құлағы естіген, аузы айтқан ең жақсы сөз. Білім – ең жақсы мақсат, ал сол мақсатқа ұмтылушы жер бетін басқан адамдардың ардақтысы. Тіпті, ғұламалар пайғамбарлықтан кейін ең құрметті амал – білім талап ету деген екен. Сен егер бақытты болуды қаласаң, пайдалы нәрселерді үйрен, білім ал, ізден. Сонда сенің уайым-қайғың кетеді. Алла Тағала адам баласына: «...Раббым біліміңді арттыр» деген дұғаны үйретті. («Та һа» сүресі, 14-аят). Білім сондай ұлық нәрсе, біліммен көңіл қуанышты болады. «Раббы тарапынан ашық дәлелде болған біреу, өзіне жаман ісі әдемі көрсетіліп, әуестеріне ерген біреумен тең бе?!». («Мұхаммед» сүресі, 14-аят).

СЕЗІМГЕ ИЕ БОЛ!

Сезімнің лап етіп өртеніп, өрши түсуі екі жағдайда болады. Бірі – шектен тыс қуанғанда, екіншісі – қаралы қайғыда. Алла Тағала осы екі жағдай туралы: «Өткенге өкініп, қайғырмауларың және Оның сендерге бергеніне масаттана қуанбауларың үшін» деп айтқан («Хадид» сүресі, 23-аят). Пайғамбарымыз ﷺ: «Мен екі жағдайда шығатын жағымсыз дауыс шығарудан қайтарылғанмын. Ол – қуаныш кезіндегі дауыс пен қайғы-қасірет кезіндегі дауыс» деген екен.

Хадисте «Негізінде сабыр – алғашқы соққы кезінде» делінгендей, сабыр қылу қайғының алғашқы суық хабары жеткенде болуы тиіс. Сондықтан, кім қаралы және аса қуанышты сәтте сезіміне ие бола алса, онда ол беріктікке ие болып, нәпсіні бағындырып, жеңіске қол жеткізген болады. Жаратылысын бәрінен артық білетін Жаратушы адам баласын қуанушы, мақтаншақ, басына бір қайғы түссе тым төзімсіз, қолына бақ-дәулет қонса өте сараң деп сипаттаған. Ал, намаз оқушылардың қуаныш пен қайғыда орташалықты ұстанатынын, молшылыққа шүкіршілік, жоқшылыққа сабыр сақтайтынын хабарлайды.

Негізінде өрши түскен сезім иесін күйзелтіп, шаршатып қояды: егер ашуланса, булығып түтігіп кетеді де, жүрегі тулап әділ жолдан шығып кетеді. Ал, егер қуанатын болса, алаңғасарланып, есі шығып, қуаныштан өзін ұмытып, ұшқалақтанып өз шегінен шығып кетеді. Мұндайлар егер біреумен ренжісетін болса, оның бүкіл жақсылықтарын ұмытып, жақсы қасиеттерін аяқасты етіп, жамандайды. Ал, егер біреуді жақсы көретін болса, оны шектен тыс аса мақтап, қошеметтеп, ұлықтықтың ең биік шыңына шығарып қояды. Сондықтан да, «Я, Алла! Мен Сенен ашуланған кезімде де, қуанған кезімде де әділетті болуды сұраймын» деп дұға жасауға өсиет етілген екен.

Демек, кімде-кім сезіміне ие болып, ақылын төреші етіп, әр нәрсенің өз өлшемін бере білсе, әділеттің ақ жолында болады.

СЕН ДЕ ЖАЛЫҚТЫҢ БА?

Алаштың Абайы айтады: «Пендеде бір іс бар жалығу деген... Оған бір еліксе, адам баласының құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де ақырында тағы келіп жетеді». Шынында, бір ғана үлгімен өмір сүретін адамға жалығушылықтың жетері сөзсіз. Себебі, нәпсі – жалығушы. Сондықтан да Алла заман, мекен арасын, тағамдар мен сусындарды, мақұлықтарды: түн-күн, жазық-таулы, ақ-қара, ыстық-суық, тәтті-қышқыл етіп ауыстырып, әр түрлі етіп отырады. Құранда бұл алуан түрлілік баяндалады:

«...Араның қарындарынан түрлі-түсті бал шығады...». («Нахл», 69); «Жер бетінде көршілес құрлықтар, жүзім бақшалары, егіндер және ашалы, ашасыз құрманың ағаштары бар...» («Раъд», 4); «...бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған зәйтүн, анар шығарамыз...» («Әнһам»99) т.б. Исраил ұрпақтары ең керемет тамақтан жалықты, себебі, олар үнемі сол тамақты жейтін.

Мағмун деген кісі кітапты бірде отырып, бірде тұрып, тағы бірде жүрген күйде оқитын. Бұл ісінің себебін түсіндіріп: «Нәпсі жалығады» деп Алла Тағаланың мына сөзін оқыды: «Олар тіке тұрып, отырып, жамбасынан жатып (әр күйде) Алланы еске алады...» («Әли Имран», 191). Сонымен қатар кімде-кім Исламдағы ғибадаттар жайында ойлап көрсе, осындай алуандықты байқайды. Себебі, ғибадаттар жүрекпен, сөзбен, іспен, қаржымен жасалынады. Және намаз, зекет, ораза, қажылық, күресумен болады. Намаздың өзін алып қарасақ, ол тік тұру, еңкею, сәжде, отырудан тұрады. Сондықтан кім амалын тоқтаусыз, шабыттанып жалғастыруды қаласа, амалында, білімінде, күнделікті өмірінде әр түрлілікті әдетке айналдыру керек. Мысалы, білім ізденгенде бірде Құран, бірде оның аудармасын, бірде хадис, бірде Пайғамбардың өмірбаянын, тағы бірде фикһ, тарих, әдебиет, мәдениет тағы да басқа салалардағы әр түрлі кітаптарды оқуы тиіс.

Сондай-ақ уақыттарын намазға, жай тірліктерін жасауға, қонаққа баруға, қонақ күтуге, спорттық ойындарға, серуендеуге тағы да басқаларға деп бөліп қоюы қажет. Сонда ол көңілінің шабыттанып тұрғанын байқайды. Өйткені, көңіл әр түрлі және жаңа нәрсені жақсы көреді.

ӨЗІңДІ ҚОЛҒА АЛ!

Қайғырма, себебі, тағдыр кітабы жазылып, жабылып қойылған. Әрбір істе тағдырға жазылғаны болады. Шын мәнінде сенің қайғыруың ештеңені тездетпейді де, кешіктірмейді де, азайтпайды да, көбейтпейді де...

Қайғырма, себебі, сен қайғырып, заманның тоқтауын, күннің бір орында тұруын, сағат тілін артқа қайтаруды, артқа қарай жүруді, күнді шыққан жеріне қайтаруды қалап тұрсың. Ал бұл мүмкін емес.

Қайғырма, себебі, қайғыру – ауа-райын бұзып, суларды толқындатып, аспанды бұлыңғырландырып, жасыл-желек бау-бақшалардағы жайқалып тұрған әдемі гүлдерді сындырып, қиратып тастайтын дауыл тәрізді.

Қайғырма, егер сен кедей болсаң, қарызға батып жатқандар қаншама?! Егер сенде көлік жоқ болса, басқаларда тіпті, аяқ та жоқ қой... Егер сен бірер аурудан күйзеліп жатсаң, неше жылдан бері төсек тартып жатқандар да бар... Егер сен бір балаңды жоғалтқан болсаң, біл, жол апатының өзінде бірнеше баласынан айрылып қалып жатқандар бар...

Қайғырма егер күнә іс жасаған болсаң, тәубе ет. Жамандық жасаған болсаң, кешірім сұра, қате жасасаң, түзет. Мейірім – кең, есік –

ашық, жарылқау – мол, тәубе қабыл болады.

Қайғырма, себебі сен қайғырумен жүйкенді жұқартасың, тыныштығыңды бұзасың, өзінді шаршатасың, ұйқыңды қашырасың.

Қайғырма, себебі, сенің нағыз ғұмырың – бақытты, көңілің тыныш болып өткізген сәттерің. Ендеше күндерінді қайғыруға жұмсама, түндерінді уайымдаумен ысырап қылма, сағыныштарыңды қасіреттерге бөліп берме, өмірінді зая қылма. Өйткені, Алла Тағала ысырапшылдарды, зая етушілерді сүймейді.

РАББЫҢ СЕНІ КЕШІРУГЕ УӘДЕ БЕРЕДІ!

Раббының мына сөзі көңіліңді ашып, уайым-қайғыңды кетіріп, бақыт сыйламай ма?! «Ей, шектен шығып, өздеріне-өздері зиян келтірген, ей, Менің құлдарым! Алланың мейірімінен үміт үзбеңдер! Ақиқатында, Алла күнәлардың барлығын кешіреді! Өйткені, Ол – Өте Кешірімді, Ерекше Мейірімді» («Зумәр» сүресі, 53-аят).

«Кім бір жамандық істеп немесе өзіне әділетсіздік етіп, содан кейін Алладан кешірім сұраса, Алланың Өте Кешірімді, Ерекше Мейірімді екенін көреді» («Ниса» сүресі, 110-аят). Алла Тағала біздің жүрегімізді жақындату үшін «ей, құлдарым» деп шақырды. Бұл шақыруды өздеріне зиян етіп қойғандарға ғана арнады. Өйткені, олар қате-кемшілік, күнә істерді көп жасап қойғандар. Ал, басқалар туралы не ойлауға болады?! Сондай-ақ, оларды жарылқаудан күдер үзіп, үмітсізденуден қайтарды. Әрі тәубе еткендердің ірілі-ұсақты бүкіл күнәларын кешіретіндігінен хабар берді. Сосын Өзін Өте Кешірімді, Ерекше Мейірімді деп баса сипаттады.

«Ей, адам баласы! Егер сен Менен үміттеніп, Маған дұға қылсаң, сенің жасағандарыңа көңіл де аудармай кешіремін. Егер сенің күнәларың көктегі бұлттарға дейін жетсе де, Менен кешірім сұрап болсаң, ешқандай көңіл аудармай кешіремін. Ей, адам баласы! Егер сен жер шарындай қателіктер жасасаң да, маған еш нәрсені серік етпей жолығар болсаң, Мен саған жер шарындай кешіріммен келемін» деп уәде берді Алла.

Алла Тағала нендей Мейірімді, нендей Ұлы!

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ КҮТ!

«...Таң жақын емес пе?» («Һуд» сүресі, 81-аят). Уайым-қайғыдан күйзелгендердің таңы жақын! Ендеше, жақсылықтың арайлы таңын асыға күт! Таяуда Алла жақсылық пен кеңдік есігін ашады! «Ғибадаттың ең абзалы – жақсылықты күту» делінген хадисте.

Данышпандар: «Егер арқан қатты тартылынса, үзіледі» деген

екен. Қараңғылықтың қоюланғаны – таңның жақындағанын білдірмей ме? Яғни, жағдайың онан сайын қиындап, ауырлай түссе, бір кеңшіліктің болуын күте бер.

Алла Тағала «...Кім Алладан қорықса, оған бір шығар жолды пайда етеді...»; «...Кім Алладан қорықса, оның ісіне оңайлық жасайды...»; «...Кім Алладан қорықса, оның жамандығын жояды да, сауабын зорайтады» деп, жеңіске жетудің оңай жолын көрсетіп берді. («Талақ» сүресі, 2,4,5-аяттар). Жаратушымыз: «Мен пендемнің ой-қиялындамын, пендем Мен жайында қалай ойласа сондаймын» деген. Раббың туралы жақсы ойлауды ұмытпа! Жүрегінді қиындықтан кейін келетін екі бірдей жеңілдіпен СҮЙІНШІЛЕ! «Негізінде ауырлықпен бірге бір жеңілдік бар. Шын мәнінде қиыншылықпен бірге бір оңайлық бар». («Шарх» сүресі, 4-5-аяттар). Тәпсірші ғалымдар осы аятқа байланысты «Бір қиындық екі жеңілдікті мүлде жеңе алмайды» деген екен.

Құрандағы басқа да аяттарды оқы да, еңсеңді көтер! «...Сен білмейсің, мүмкін Алла бұл оқиғадан кейін басқа жағдай пайда етер» («Талақ» сүресі, 1-аят); «...Біліңдер, анығында, Алланың жәрдемі жақын» (Бақара- 214); «Негізінде, Алланың мейірімі жақсылықты ықыласпен жасаушыларға жақын» («Аъраф» сүресі, 56-аят).

РАББЫҢ АСА ЖАРЫЛҚАУШЫ!

«Бірде Хасан әл-Басриге (оған Алла рақым етсін) кедейлігіне шағым айтушы адам жүгінеді. Ғалым: «Алла Тағаладан кешірім сұра!» (күнәларыңа тәубе жасап, кешірім тіле) деді. Сонан кейін балалары жоқ, бедеулікке душар болған адам келеді. Ғалым оған да: «Алла Тағаладан кешірім сұра!» деген екен. Үшінші кісі бақшасының қурап қалғанын айтады. Тағы да: «Алладан кешірім сұра!» деді.

Мұның бәрін де бақылап тұрған басқа кісі: «Сен алдына кім келсе де, Алладан кешірім сұраудан басқа кеңес айтпадың ғой. Мұның сыры неде?» дейді. Сонда Хасан әл-Басри: «Мен Құранға бір ауыз артық сөз қоспадым» деп, мына аятты оқиды: «Өздеріңнің Раббыңнан кешірім тілеңдер, өйткені Ол – көп Кешіруші (Ғаффар). Ол сендерге аспаннан мол жаңбыр жібереді. Сендерді мал-мүліктермен және перзенттермен қолдайды. Сендерге бау-бақшалар өсіріп және сендер үшін өзендер пайда қылады». («Нұх» сүресі, 10-12-аяттар).

Құдси хадисте Алла Тағаланың: «Менің мейірімім Менің ашуымнан басым түседі» деп айтқандығы келтіріледі. Сол себепті ғалымдар кімде-кімнің ісіне қиындық туса, тәубе жасап, Алла Тағаладан жиі кешірім сұрасын деп айтқан екен.

Ендеше жарылқауды көп тіле! Сонда кеңшілік, молшылық, көңілдің тыныштығын, адал ризық-несібе, игі ұрпақ, мол жаңбырды табасың! Төмендегі жарылқау тілеудің ең ұлысы, кешірім сұрау дұғаларының «төресі» болған дұғаны қайталаумен бол!

«Аллаһуммә, Әнтә Рабби, лә иләһа иллә Әнтә, халәктәни уә әнә ‘абдукә, уә әнә ‘алә ‘аһдикә уә уә’дикә мә-стәтағту, ә’узу бикә мин шәрри мә санә’ту әбу-у ләкә би-ни’мәтикә ‘әләйһа уә әбу-у би-занби, фәғфир ли, фә иннәһу лә яғфиру-з-зунубә иллә Әнта!»

Аудармасы: «Я, Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Сен мені жараттың, ал мен Сенің құлыңмын. Мен күшкүдіретім жеткенше Саған деген уәдемді, әрі сертімді сақтаймын. Әрі жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе сиынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын, әрі күналарымды да мойындаймын. Мені жарылқай гөр! Шын мәнінде, Сенен өзге күнәларды жарылқаушы ешкім жоқ!» (Бұхари). «Кім (осы сөздерді) күндіз қайта-қайта айтатын болса әрі (өзінің айтып жатқан сөздеріне) кәміл сенсе, және сол күні кеш батқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады, ал кім (өзінің айтқан сөздеріне) кәміл сенген күйде (осы сөздерді) түнде айтатын болса, әрі таң атқанға дейін қайтыс болса, сол Жәннат тұрғындарының арасында болады» (Бұхари)

ЖАҚСЫЛЫҒЫҢДЫ БІЛМЕГЕНГЕ ҚАЙҒЫРМА!

Адамдарға жасаған жақсылығың Қиямет күні баршаға аян болады. Сауаптарың Жәннатқа жетелеп, мақтаныш кеуденді кернейді. Бұрын-соңды болмаған бақытқа бөленесің. Сол кезде өлім бар болса еді қуаныштың күшінен жүрегің жарылып кетер еді. Сондықтан, пенделер жақсылығымды түсінбеді, білмеді, бағаламады, қарымын қайтармады деп міндетсініп, қапалануың еш орынсыз! Кім жақсылық жасаса, сыйсыз қалмайды! Алла Тағала Өзінің разылығы үшін игілік істейтіндерді былай сипаттайды: «...Оларды Алладан кеңшілік әрі ризалық іздеген түрде көресің...» («Фатх» сүресі, 29-аят); (Олар): «Шын мәнінде біз сендерді Алланың дидары үшін тамақтандырамыз. Сендерден сый да, алғыс та қаламаймыз. Ақиқатында, біз Раббымыздан болатын түнерген, ауыр бір Күннен қорқамыз» дейді. («Инсан» сүресі, 9-аят)

Ізгі кісілердің бірі зағип жанға ең дәмді әрі бағалы тамақтан жегізіп, садақа берді. Үй-ішіндегілер: «Бұл зағип не жеп жатқанын білмейді де ғой», - десті. Сонда ол кісі: «Бірақ Алла біледі», - деп жауап берді. Алла мен адамдар арасындағы әдет-ғұрып бірдей емес. Адамдар рақымсыз болғанымен, Алла уәдесінде тұрушы! Сыйлайтын да, сауап беретін де, есеп алатын да, жазалайтын да, риза болатын да, ашуланатын да – Оның Жалғыз Өзі!

ҚАНДАЙ ТІЛЕГІҢ БАР?

Ол сендегі барға да, жоққа да иелік етеді.
Оның билігі мәңгілік әрі шайқалмайды!

Ол бір нәрсенің орындалуын қаласа «Бол!» дейді. Оның шамасы жетпейтін
 қиындық жок!
 Ол бәрінен есеп алады, Одан ешкім де есеп сұрамайды!
 Ол Бай, ешкімге мұқтаж емес!
 Ол таңдағанның дені сау, Ол қалаған адам науқас! Өзі жаратқан кез келген
 сырқатқа Шипа беруші!
 Адасқанға, жәбір көрушіге, әлсізге Қамқор!
 Сыр мен сыбдырды Естуші, жасырын мен әшкерені Білуші! Сені ренжіткен, сен
 қорыққан, сен айырылысқан, сен жақсы көрген жанның Иесі де Алла! Жүрегің, ісін
 сен сұраған жаққа бұрып бере алады!
 Бәрін жасаушы, көмек беруші, байытушы, кедейлендіруші, жан алушы,
 жаратушы, алға шығарушы, артта қалдырушы – Жалғыз Алла!
 Өйткені, сені емдеген дәрігердің өзі ауырады, жұмыс беруші бастығың тоқырауға
 ұшырайды, сені қайғыртып, ренжітуші өзі де азапқа түседі. Ал Алла ешқашан
 жеңілмейді, қазынасы таусылмайды!

Ол көктер мен жердің Патшасы! Ұйықтамайды да, қалғымайды! Ол бір сәтке
 қалғып кетсе аспан әлдеқашан құлап қалар еді! Ол уақыты келгенде теңіздерді
 өртейді, тауларды үгітеді, бұлттарды айдайды, күнді бүктейді, жұлдыздарды сөгеді,
 аспанды жарады. Ендеше бір тамшы судан жаралған адамның халін өзгерту Оған
 түк емес!

Бақыт пен қуаныштың, тыныштық пен демалыстың Раббысы да – Алла!
 Бақыт Алламен! Бақыт Аллада!
 Ауырдың ба? Әйелің тілінді алмады ма? Күйеуіңнің көңілі суып кетті ме?
 Отбасыңнан тыныштық кетті ме? Балаң опасыз ба? Жұмысың оңға баспады ма?
 Есіктер жабылды ма? Қажетіңді Алладан сұра! Қазір жалғыз болсаң, екіншінің
 Алла екенін біл! Өйткені, Ол Құранда: (Ей, Мұхаммед!) «Ал, қашан құлдарым
 сенен Мен туралы сұраса, күмәнсіз, Мен өте жақынмын. Қашан менен тілесе,
 сұраушының тілегіне жауап беремін» деп уәде берген! («Бақара» сүресі, 186-аят)

СЕН ҮШІН ЖАРАТЫЛҒАН!

Қайғырма, өйткені, ауру айығады, қасірет ұмытылады, күнә
 кешіріледі, қарыз өтеледі, тұтқын босатылады, кеткен адам келеді,
 күнәһар тәубеге жасайды, кедей байиды.

Қайғырма, қара бұлттың қалай сейілетінін, қараңғылықтың
 ағарып, шығып кететінін, құйынның басылатынын көрмегенсің бе?
 Ендеше, сенің көріп жатқан қиындықтарың – жеңілдікке, тіршілігің –
 тұрақтылыққа, болашығың – жақсылыққа ұласады.

Қайғырма, қызған күннің ыстығын көлеңке басады, шөлді мұздай,
 мөлдір су қандырады, аштықты жұмсақ, ыстық нан тойғызады,
 ұйқысыздық шаршауын тәтті ұйқы қандырыды, дерт күйзелісі
 сауығумен кетеді. Жаратылыстың қиындығын жаратушысы шешеді.
 Ендеше, сен аз ғана күт.

Қайғырма, себебі бұйырған, тағдырдағы бар нәрсенің сөзсіз
 болатынына, дәрігерлер басын шайқап, данышпандар әлсізденіп,
 ғұламалар тұрып қалып, ақындар бір-бірінен сұрасып таңданысқан.

Қайғырма, себебі, сен егер қайғы-қасіретке жүрегіңнен орын
 берер болсаң, үздік дәрігерлер мен олардың берген кеңестері, дәрі-

дәрмектері сені емдеп қуандыра алмайды.

Қайғырма, себебі, Алла Тағала сен үшін жер мен ондағы нәрселерді жаратты. Сенің игілігің үшін жайнаған бау-бақшаларды, әсем гүлдерді, әр түрлі ағаштарды, жарқыраған жұлдыздарды, өзен-бұлақтарды жаратты. Ал, сен болсаң қайғырып отырсың!!!

Қайғырма, себебі, сен мөлдір су ішіп, таза ауадан демалып, денің сау, өз аяқтарыңмен жүріп, түнде тыныш ұйықтап жатырсың!

Қайғырма, сенде дұға бар. Сол дұға арқылы сен әлемдердің Раббысынан қажетіңді сұрап аласың! Сенде түннің үштен бір бөлігінде пешенеңді сәждеге қоятын уақыт бар.

Ғұламалар айтқан: «Алланы жоғалтқан адам нені тапты?! Алланы тапқан адам нені жоғалтты?! Бұл екеуі мүлде тең емес. Кім Алланы тапса, бүкіл нәрсені тауыпты. Ал кім Алланы жоғалтса, бүкіл нәрсені жоғалтыпты».

АДАМДАРҒА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАТЫРСЫҢ БА, ОНДА ҚАЙҒЫРМА!

Өйткені, адам баласына жақсылық жасау – бақыт жолындағы бір кең жол. «Әрбір тірі нәрсеге жасалынған жақсылыққа сауап бар» делінген хадисте. Алла Тағаланың Исраил ұрпағынан болған жезөкше әйелді шөлдеп тұрған итке су бергені үшін Жәннатқа кіргізгенін біліп қой. Тағы бірде құдықтан аяқ киімімен су алып шығып, қаңғыған итті сусындандырған адамның барлық күнәлары кешіріледі. Олай болса, қиыныдыққа ұшыраған ең абзал жаратылыс адамды тамақтандырып, сусындандырып, ісін жеңілдеткеннің жағдайы қалай болар екен?!

Алла Елшісі ﷺ: «Кімде артық тамақ болса, тамағы жоқтарға көмектессін, кімде артық (мінетін) орын болса, (мінетін) орны жоқтарға көмектессін» деп өсиет еткен екен. Ибну әл-Мубәрәк атты ғұламаның көршісі яһуди болатын. Ол кісі балаларына тамақ беруден алдын яһуди көршісіне беретін, балаларына киім беруден алдын яһуди көршісіне беретін еді. Адамдар сол яһудиге «үйіңді сатшы» дейді. Сонда ол: «Үйім екі мың динар. Үйдің өз бағасы – мың динар. Ал, мың динар – Ибну әл-Мубәрәкқа көрші болатының үшін», - дейді. Бұны естіген ғұлама: «Я, Алла, оны исламның нұрына бөлесі», - деп қатты дұға қылады. Осылайша, ол яһуди Алланың қалауымен ислам дінін қабылдаған екен.

Тағы бірде Ибну әл-Мубәрәк керуенмен қажылыққа сапар шегеді. Кетіп бара жатып, қоқыстан өлі қарғаны алып кетіп бара жатқан әйелді көреді. Бір қызметшісін әйелдің артынан біліп келу үшін жібереді. Сонда әйел «Үш күннен бері ештеңеміз жоқ, аштықтан қиналып

отырмыз»- деп жағдайын айтады. Бұны естіген Ибну әл-Мубәрақтың көздерінен жас шығып, бүкіл керуенді осы ауылға таратуға бұйрық береді де, өзі осы жылы қажылық сапарын қойып, артқа қайтады. Ол кісі түсінде бір адамның: «Қажылығыңыз қабыл болсын! Күнәңіз кешірілген болсын!»- деп жатқанын көреді. Бұндай жандар жайлы Алла Құранда: «...Әрі өздерінде мұқтаждық болса да, оларды өздерінен артық көреді...» деген («Хашыр» сүресі, 9-аят).

Жақсылықты шамаң жеткенше жасап қалуға тырыс. Себебі қай жақсылығың Жәннатқа кіргізетінін білмейсің... Амалдар есепке тартылатын күні Алла Тағаланың: «Өткен күндерде істеген амалдарың себепті рахаттана жеңдер әрі ішіндер!» деген сөзін есту үшін ештеңеден аянба!

ӨЗІҢ БІЛМЕЙТІН ЖАҚСЫЛЫҚТАРҒА НАЗАР АУДАР!

Қайғырма, себебі, жақсы амалдар он еседен жеті жүз есеге дейін арттырылып есептелінеді. Ал, жаман амалдар біреу болып жазылады. Егер Алла Тағала кешіріп жіберетін болса, мүлде есептелінбейді. Бұл Алла Тағаланың қаншалықты дәрежеде Жомарт, Мейірімді, Кең екенін көрсетеді. Оның ұқсасы жоқ. Қайғырма, себебі, сен Алланың жалғыздығын білген, дінді ұстанған, қыблаға бетінді бұрған мұсылмансың. Сенде Алла Тағалаға, Елшісіне деген сүйіспеншілік бар. Күнә жасап қойсаң, өкінесің, жақсылық жасасаң, қуанасың. Демек, сенде өзің білмейтін көптеген жақсылықтар бар екен.

Қайғырма, себебі, сен қиыншылық кезде де, молшылық кезде де, жоқшылық кезде де жақсылық-сауапқа ие болып отырсың. «Мүміннің ісі қандай ғажап! Оның ісінің барлығы ол үшін жақсылық. Сондай-ақ, ол мүміннен басқа ешкімге берілмеген: егер оған бір қуаныш келсе, ол Аллаға шүкірлік етеді, ол оған жақсылық болады. Ал егер оған бір қайғы келсе, ол оған сабыр етеді, ол оған жақсылық болады» делінген хадисте.

Қайғырма, өйткені, қайғыру сені ғибадат жасауға әлсіретіп, үмітсіздікті пайда етіп, жаман ойлауға үндеп, жамандыққа жоритын етіп қояды.

Қайғырма, өйткені, қайғыру, өкіну – психологиялық аурулардың жүйке жұқаруының негізі.

Қайғырма, өйткені, сенде Құран оқу, Алланы еске алу (зікір), дұға, намаз оқу, садақа беру, жақсылық жасау, пайдалы істермен айналысу сияқты жақсылық негіздері бар.

Қайғырма! Бекершілік, бостықтан келіп шығатын қайғыға жеңіліп қалма. Намаз оқы, кітап оқы, жаз, жұмыс істе, қонақ күт, қонаққа бар, айналаңдағы жаратылыстарға ой жүгірт!

ҚИЫНДЫҚ ПЕН ҚАЙҒЫНЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН 7 ҚАДАМ

1. Алла Тағаланың қасында сауап, сый күту. Алла Тағала айтқан: «...Шын мәнінде сабыр етушілерге сыйлықтары есепсіз орындалады...». («Зумәр» сүресі, 10-аят).
2. Қайғырып, қасірет шегіп жатқан жандарға назар аудару. Бір данышпан: «Егер айналамда бауырлары үшін жылап жатқандар көп болмағанда, мен қайғырғаннан өзімді өлтіріп қояр едім», - деген екен. Сондықтан сен оңға-солға қара. Айналаның бәрі қиналған, қасірет шеккен, сынаққа ұшыраған жандар емес пе?!
3. «Бұдан да жаман болуы мүмкін еді» деп білу. (Яғни, бұл басқасынан гөрі жеңілірек деп ойлау).
4. Бұл пенденің дінінде емес, дүние ісінде болып тұр.
5. Бұдан қашып, құтыла алмайсың. Қазақ «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген.
6. Қалау, таңдау – әлемдердің Раббы – Аллаға ғана тән. Ол Өзі жақсы көретін құлына ешқашан жамандықты қаламайды. «Сендер бір нәрсені ұнатпағанмен, ол сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Ал сендер бір нәрсені жақсы көргенмен, ол сендер үшін жамандық болуы мүмкін. Алла біледі, сендер білмейсіңдер» деген Алланың сөзін есіңнен шығарма («Бақара» сүресі, 216-аят).
7. Қиындық адамды шыңдайтындығын ойлау. Сынақсыз өмір ұстазсыз сынып сияқты, ешнәрсе үйрене алмайсың. Яғни, қиындықтар жүректі шынықтырады, күнәларды жояды, тәкәппарлық, менмендікті өшіреді. Сондай-ақ қаперсіздікті сөндіріп, ескеру отын тұтандырады. Мақұлықтарға мейірімді болуды үйретеді. Игі-жақсылардан болып дұға жасауға, ұлы Аллаға бойсұнуға, Оны еске алуға, сабырлы болып жалбарынуға, қиыншылықтардан сауап үміт етуге, Аллаға есеп беруге дайындалуға, дүниеге беріліп кетпеуге жол ашып, мүмкіндік тудырады.

ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

Тақырыпқа арқау болып отырған «жалғыздық» – жамандықтан және рұқсат болған нәрселердің де артық болып кетуінен аулақ болу. Мұндай жалғыздық көңілді ашып, қайғыны кетіретіндер қатарынан.

Кейбір ғұламалар: «Пендеге ғибадат үшін: Алланы еске алу (зікір), дұға, Құран оқу, өзін есепке тарту, кешірім сұрау және жамандықтан жырақ болуы үшін жалғыз болуы қажет» деген.

Иә, демалу, жамандықтардан аулақ болу, абыройды сақтап, уақытты үнемдеу, ғұмырды сақтау, күндес, табалаумен қуанушы адамдардан жырақ болу, Ақырет жайлы ойлап, ой жүгірту, Алламен жолығуға дайындалу, пайдалы нәрселер жайлы ой жүгірту, даналық

қазыналарын шығару үшін жалғыздықтан тиімді нәрсе аз. Себебі, жалғыздықта осы амалдарды атқарғанның ақыл-ойы пісіп, жетіліп, жемісі алынады. Жүрек тынышталып, демалады, абыройы есен-сау болады, сауап-сыйды молынан жинайды.

Мейірімді Алла Тағаланы еске алады, адамды әуреге салатын бос нәрселерден қашық болады, тілдің, іс-әрекеттің сүрінуінен, ой-пікірдің шашырап кетуінен аулақ жүреді. Және жалғыздықта өзінді өзгелерге көрсете алмайсың. Сені жалғыз Алла Тағала ғана көреді. Яғни, амалдарыңды ықыласпен жасап қалуға мүмкіндік бар! Риядан аман боласың! Сөзінді өзгелерге естірте алмайсың, сені көруші, естуші Алла ғана!

Әр заманда өз заманының заңғары болған игі жақсылар, шеберлер, ғұламалар, ақын-жазушылар тағы басқалар өз ақыл-ойларының көшетін жалғыздық суымен суғарып, өсірген. Олардың ұлықтық ағаштары осылайша өсіп, әр сәтте өз жемісін беріп отырған екен.

Жалғыз қалған сәттерін игілікке пайдаланушылар қандай жетістікке жетті десеңіші?!

БАҚЫТТЫ БОЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ 30 ЕРЕЖЕ

1. Егер сен бүгінгі күн мөлшерінде өмір сүрмесең, ой-пікіріңнің шашырап, жұмыстарыңның тұрақсызданып, уайым-қайғыңның күшейіп кететінін біліп қой. Бұл – Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Егер таң атырсаң, кешті күтпе, егер кешке кірсең, таңды күтпе» деген сөзінің мазмұны.
2. Өткен нәрселерді ұмыт. Өткенді ойлап, уайымдау ақымақтық болып табылады.
 3. Болашақпен әуреленбе. Өйткені, ол әлі көмес әлемінде. Оны келгенше қоя тұр.
 4. Айтылатын сын-ескертулерге езілмей, бекем тұр. Сынның сенің бағаңды белгілейтінін біл.
 5. Аллаға сену, игі амал жасау – нағыз бақытты өмір.
 6. Кім егер тынышталып, рахаттануды қаласа, Алланы жиі ықыласпен еске алсын.
 7. Пенде әрбір нәрсенің Алла Тағаланың тағдырымен екенін білуі тиіс.
 8. Ешкімнен жарылқау күтпе.
 9. Өзінді ең ауыр жағдайларды қарсы алуға дайындап, шынықтыр.
 10. Болған істе сен үшін жақсылық болуы мүмкін.
 11. Мұсылманға тағдыр етілген әрбір нәрсе – жақсы.
 12. Алла Тағаланың берген нығметтері жайлы ойлан да шүкіршілік ет.

13. Сен өз бойыңдағы бар нәрселеріңмен көптеген адамнан жоғарысың.
14. Қас қағым сәтте жеңілдік пен жеңіс келуі мүмкін.
15. Қиыншылықтар дұға қылуға итермелейді.
16. Қиыншылық, қайғы-қасіреттер көзді ашып, жүреткі мықты етеді.
17. Шынында бір қиындықпен екі жеңілдік бар. Соңын күт.
18. Арзымаған нәрселер сені жеңіп қоймасын.
19. Раббыңның кешірім-жарылқауы кең.
20. Ашуланба, ашуланба, ашуланба.
21. Өмір – нан, су, баспана. Басқа нәрсенің қамын жемей-ақ қой.
22. Біздің несібеміз әрі уәде етілген нәрселер – Алладан.
23. Сен үрейленіп жатқан нәрселердің көбі болмайды.
24. Өзге қайғы-қасірет шеккендерден үлгі ал.
25. Алла Тағала егер бір елді жақсы көрсе, оларды сынайды.
26. Уайым-қайғы басқанда айтылатын дұғаны жиі айт.
27. Бекершілікті қойып, пайдалы іспен айналыс.
28. Өсекші-өтірікшілерді қой, өсек-өтірікке сенбе.
29. Біреуге кек сақтап өш аламын деуің – дұшпаныңнан гөрі өз денсаулығыңа зиянды.
30. Басыңа түскен әрбір қайғы-қасірет күнәларың үшін кешірім болады.